ПОЛИТИКО-ПРАВОВОЕ РЕГУЛИРОВАНИЕ ИНФОРМАЦИОННОЙ ПОЛИТИКИ: ЗАРУБЕЖНЫЙ ОПЫТ ДЛЯ КАЗАХСТАНА

Б.О.Исабаев -

кандидат политических наук

Для современного Казахстана весьма важным является всестороннее изучение зарубежного опыта в области политико-правового регулирования информационной политики, соблюдения баланса между свободой СМИ и их правовым ограничением.

Информационная политика – это особая сфера жизнедеятельности людей, связанная с воспроизводством, распространением и потреблением информации, отвечающая интересам государства и гражданского общества и направленная на обеспечение творческого, конструктивного диалога между ними. Информационная политика является одним из важнейших факторов реализации государственной политики, социального управления, обеспечения диалога власти и народа.

Для обеспечения эффективности информационной политики в развитых демократических государствах используются законодательно утвержденные экономические методы регулирования, направленные на создание благоприятных условий для выполнения СМИ своей общественно полезной миссии, обеспечения свободы слова и массовой информации.

Появлению права на информацию в международном праве предшествовало возникновение и развитие идеи этого права в национальных правовых системах различных европейских государств. Например, в Швеции в 1766 году был принят Закон о свободе слова и печати, который содержал как нормы, гарантировавшие свободу слова и печати, так и нормы, закреплявшие право граждан на доступ к информации, находящейся у государственных органов. Эти нормы были довольно прогрессивны для своего времени/1/.

Несмотря на это, право на информацию долгое время не было выделено в самостоятельный институт ни в одной европейской стране, и даже сам термин «информация» редко использовался. Изменения произошли только после принятия «Всеобщей Декларации прав человека» в 1948 году (далее - Декларация) и «Европейской Конвенции о защите прав человека и основных свобод» в 1950 году (далее - Конвенция), когда внесение норм, закрепляющих право на информацию в национальные законодательства, стало необходимым для их соответствия европейским стандартам.

Однако в вышеуказанных международных документах право на информацию еще не считалось самостоятельным аспектом. Предполагалось, что оно является элементом свободы выражения мнения.

Кроме того, в Декларации и Конвенции ничего не говорилось и о видах информации, поиск, получение и распространение которой регулируют их нормы. Указание в ст.10 Конвенции о праве государства контролировать

распространение информации дает основание предполагать, что речь идет не только о культурно-научной информации или сведениях, составляющих личную или семейную тайну, но и об официальной информации, то есть сведениях о работе государственных органов и местного самоуправления, а также о деятельности их должностных лиц/2/.

Первой страной, в законодательстве которой четко указывалось слово «информация», а также право на ее получение была бывшая Социалистическая Федеративная Республика Югославия (СФРЮ). Именно Конституция СФРЮ (1963г.) закрепляла само понятие «информация» и право на ее получение (ч. 5 ст. 40). Кроме того, предусматривалось также создание благоприятных условий для повышения качества информирования населения, в целях активного развития соответствующих областей деятельности (ч. 7 ст. 40).

Позже эти положения были развиты в новой Конституции СФРЮ (1974г.), которой предусматривались: - гласность работы государственных органов (ст. 97); - и создание «общей системы информации» для обеспечения согласованного учета, сбора, обработки и опубликования сведений и фактов, имеющих значение для наблюдения за общественным развитием, а также доступности информации об этих сведениях и фактах (ст. 75)/3/.

Международные правовые акты, касающиеся прав человека на информацию и конкретно СМИ (Международный пакт о гражданских и политических правах - 1966, документы Совета Европы, в частности Декларация о средствах массовой информации и правах человека - 1970, Резолюция «Будущее общественного телерадиовещания» - 1994 и др.), провозглашают в качестве одного из основных принципов функционирования СМИ их независимость от государственного контроля, от различного рода монополий, а также подчеркивают особую роль финансовых механизмов в обеспечении этой независимости.

В 70-80-е годы XX века свобода выражения мнения в том виде, в котором она была представлена в Конвенции, была закреплена в Конституциях 124 стран мира/4/. В некоторых странах право на информацию было закреплено как самостоятельный институт. В частности, в Конституции Испании (1978г.), в Законе Франции «О доступе к отчетам исполнительной власти» (1978г.) и Законе Великобритании «О доступе к информации» (1985г.). В приведенном контексте нужно отметить, что в Республике Казахстан право на информацию было закреплено в первые же годы государственной независимости в Конституции РК (1993г.).

Отношения власти и СМИ в государствах ОБСЕ регулируются исключительно законодательством, которое, с одной стороны, гарантирует свободу СМИ, а с другой – право человека на получение информации, свободу высказывания, плюрализм мнений в обществе, подконтрольность СМИ обществу, их ответственность.

При этом в некоторых странах на правительства возложена обязанность поддерживать свободу СМИ и плюрализм мнений, в

соответствии с положениями конституции (Нидерланды, Швеция) или с судебным толкованием (Франция, Германия). Наибольшие меры защиты свободы СМИ предусматривает законодательство Швеции/5/.

Кроме того, в конституциях Нидерландов, Испании и Швеции четко прописаны права граждан на получение необходимой информации, а суды Франции, Германии и США обращаются к положениям конституции для обеспечения гарантии таких прав. В Нидерландах правительственные органы должны соблюдать право общественности на доступ к информации. Конституция Швеции гарантирует всем гражданам «в их отношениях с государственной службой... свободное получение любой информации или возможность ознакомиться с другими мнениями»/6/.

В федеративных государствах, таких как Канада и США, основные законы, определяющие деятельность СМИ, включая законы о клевете и вмешательстве в частную жизнь, принимаются на уровне субъектов федерации. В Австрии федеральное правительство имеет все полномочия по решению вопросов, связанных со СМИ. В Германии вопросы, связанные с клеветой и вмешательством в частную жизнь, регулирует федеральный закон, в то время как другие вопросы, связанные с массовой информацией, решаются на уровне законодательства земель.

В развитых демократических странах достаточно широко практикуется предоставление налоговых, таможенных и иных льгот для организаций СМИ с целью создания благоприятных условий для распространения ими общественно значимой информации.

Так, французское законодательство предусматривает предоставление целого ряда налоговых и таможенных льгот периодическим изданиям в тех случаях, если они отвечают следующим требованиям: эти издания должны выходить с определенной периодичностью; они должны быть признаны «общественно полезными», т. е. способствующими образованию, воспитанию, информированию и культурному досугу населения; они должны выделять для текстов и иллюстраций рекламного характера не более 2/3 своей площади; они не должны распространять бесплатно.

Основные виды льгот:

- освобождение от уплаты налога на прибыль, направленную на развитие материальной базы (сейчас размер отчислений, не облагаемых налогом на прибыль, ограничен 80% прибыли для ежедневных газет и 60% - для еженедельников);

- освобождение от уплаты налога на прибыль, направляемую в фонды, предназначенные для выплаты выходного пособия в случае увольнения сотрудников периодических изданий;

- снижение НДС (для ежедневных газет, региональных общеполитических еженедельников и для национальных политических еженедельников он равен 2%; другие периодические издания платят НДС в размере 4%);

- освобождение от уплаты таможенных пошлин. Кроме того, предусмотрены скидки и льготные тарифы.

- скидки (устанавливается определенный процент скидок) на расходы, связанные с профессиональной деятельностью журналистов;
- пониженные почтовые тарифы на распространение периодических печатных изданий;
- скидки за услуги телеграфной и телефонной связи.

Следует отметить, что и в Казахстане 3 мая 2001 года Президент РК подписал Указ, благодаря которому с июля 2001 года в налоговое законодательство была введена норма, предусматривающая льготы для средств массовой информации.

Законодательство зарубежных стран предусматривает выделение субсидий, т.е. предоставление средств из государственного бюджета для финансирования целевых расходов. Например, в России предусмотрены льготы на бумагу. Практикуется предоставление субсидий издательствам, которые распространяют свою продукцию за границей и рассматриваются в связи с этим как представители национальной культуры за рубежом.

Во Франции предоставляются субсидии (как правило, годовые) некоторым ежедневным общеполитическим газетам в том случае, если они: «не имеют достаточных доходов от рекламы» (т.е. их доходы от рекламы не превышают установленной нормы); не имеют долгов по платежам в бюджет и в фонды социального страхования и т.д.

Чтобы предотвратить возможные спекуляции печатной бумагой, государство осуществляет мониторинг за производством и потреблением бумаги, разрабатывает меры в период возникновения дефицита бумаги. В определенных ситуациях государство выделяет субсидии компаниям, занятым производством бумаги. Практикуется также предоставление субсидий издательствам, распространяющим свою продукцию за границей. В этом случае издательства рассматриваются как представители национальной культуры за рубежом и потому пользуются поддержкой со стороны властей.

В Великобритании государство предоставляет целевые субсидии целому ряду телевизионных компаний. Такие субсидии предоставляются, например, для осуществления телевизионного вещания в Уэльсе. Цель такой политики состоит в поддержке программ на языке уэльского меньшинства, а также программ на кельтском языке Ирландии.

В целом ряде стран (Норвегия, Швеция, Финляндия, Дания) существуют государственные телерадиокомпании, а в большинстве развитых демократических стран - общественные (публичные) телерадиокомпании (США, ФРГ, Австрия, Франция и др.), которые получают финансовую поддержку от государства. Систему государственного телерадиовещания всегда критикуют за наличие возможности ограничить поступление информации из альтернативных источников. В то же время эта система (вместе с общественным телерадиовещанием) имеет определенные преимущества: она обслуживает все слои населения; дает возможность каждому жителю страны получать какую-то минимальную информацию, необходимую для участия в общественной жизни, а наличие поступлений от

рекламы и абонентской платы позволяет уменьшить зависимость этих компаний от государства.

Основу финансирования частных телерадиокомпаний составляют доходы от рекламы, что делает их прибыльными и независимыми в финансовом отношении. Содержание информационных и развлекательных программ таких компаний свободно от государственного вмешательства. Однако частные компании подвержены влиянию иного рода и, в частности, необходимости привлекать достаточное количество рекламы со всеми вытекающими отсюда последствиями.

В целом в мировом вещании прослеживается тенденция к сокращению доли государственного вещания (до 4-5% в объемах телепросмотра) и увеличению доли коммерческого вещания, а также трансформации государственного в общественное вещание, менее зависимое от институтов власти. В финансовом плане общественное вещание отличается тем, что оно использует разные источники финансирования, но, как правило, среди них преобладает абонентная плата.

Финансирование за счет абонентской платы (или «за счет общества») в противоположность финансированию за счет государственного бюджета или за счет рекламы обладает целым рядом преимуществ, имеющих решающее значение.

Во-первых, такие телекомпании независимы от политической воли тех, кто принимает решение о выделении ассигнований из государственного бюджета.

Во-вторых, над такими компаниями не довлеют коммерческие интересы, и они могут выпускать разнообразные качественные программы, к тому же отвечающие высоким этическим нормам.

В-третьих, важным преимуществом финансирования за счет абонентской платы являются наличие психологической связи между гражданами, осуществляющими такую плату, и компаниями, а также объективная возможность установления контроля со стороны общества за общественным телерадиовещанием (участие представителей общественности в управлении).

В развитых демократических странах большое внимание уделяется контролю за тем, чтобы экономические методы регулирования не использовались в качестве орудия давления на СМИ. Так, в США попытки властей увеличить доходы за счет налогообложения СМИ связаны с вопросами, подпадающими под действие Первой поправки к Конституции, и суды США очень тщательно анализируют такие попытки. Одним из самых серьезных выводов, вытекающих из Первой поправки, является то, что такое налогообложение СМИ можно считать неконституционным предварительным ограничением печати. Суды исходят из того, что под угрозой обременяющих налогов СМИ могут «смирять» свое желание критически анализировать политику правительства, а это может привести к ограничению контроля за действиями властей.

Серьезные меры экономического протекционизма предусмотрены и

нормами международного права. Прежде всего, имеются в виду международное Соглашение о ввозе материалов образовательного, научного и культурного характера (1950) и Протоколы к нему (1976). В названном Соглашении участвуют примерно 90 стран мира. Государства - участники Соглашения признают, что свободный обмен идеями и знаниями является неперенным условием для интеллектуального прогресса, международного взаимопонимания и способствует, таким образом, сохранению мира во всем мире.

Для содействия свободному обмену материалами образовательного, научного и культурного характера участники соглашения обязуются:

- не взимать таможенных пошлин или других сборов при ввозе или в связи с ввозом;
- следить за тем, чтобы внутренние сборы, налагаемые на ввозимые материалы, не превышали сборы, применяемые к аналогичным отечественным материалам;
- предоставлять необходимые лицензии и (или) иностранную валюту для ввоза определенных материалов (материалы по линии ООН, материалы для слепых и т.п.);
- предоставлять все возможные льготы для ввоза материалов с исключительной целью показа на публичных выставках.

Перечисленные протекционистские меры распространяются на оговоренные в Соглашении материалы образовательного, научного и культурного характера, к которым, в частности, относятся:

- периодические печатные издания, книги;
- официальные правительственные и парламентские документы;
- аудиовизуальные материалы;
- произведения искусства.

В последние годы во многих странах ОБСЕ реформаторы призывают к кодификации и усовершенствованию законов о СМИ. Так, во Франции этот процесс уже начался, а в Германии, США и Швеции в этом направлении предлагаются меры конституционной защиты чести и достоинства.

Учитывая важность, придаваемую в этих странах праву прессы распространять, а общественности – получать информацию и знакомиться с различными мнениями, конституционное право на защиту репутации не дает преимуществ истцам в делах о клевете^{7/}.

В настоящее время в большинстве стран ОБСЕ, где раньше уголовные дела по таким вопросам были обычными, наметилась устойчивая тенденция к преимущественному использованию гражданского законодательства.

Что касается законодательного обеспечения доступа к правительственной информации, то в США федеральный закон о свободе информации предусматривает, что власти обязаны по запросу СМИ предоставлять им любую необходимую информацию. Ограничения налагаются лишь на секретную информацию, сведения о гражданах, носящие частный характер, а также на правоохранительную информацию. Во

Франции закон предоставляет право каждому иметь доступ к государственным документам. Этот же закон определяет ряд условий, запрещающих доступ к подобной информации. Решение государственного органа об отказе предоставить информацию может быть оспорено в суде.

По данному вопросу среди развитых стран ОБСЕ исключение составляет Великобритания. В этой стране не существует закона о свободе информации, поэтому принятие решений правительством, как правило, осуществляется в режиме секретности.

Что касается деятельности теле- и радиовещания в ведущих государствах ОБСЕ, то она осуществляется через коммерческих и публично-правовых вещателей, численное соотношение которых примерно равно. В США в этой сфере превалирует коммерческое направление. Взаимоотношения вещателей с государством строятся на разрешительной основе, т.е. их деятельность может осуществляться только по специальной лицензии. В свою очередь, лицензия предоставляется на определенных условиях, выполнение которых строго контролируется властями. Вместе с лицензией фиксируется и перечень частот и каналов, которые закрепляются за конкретным вещателем. Те или иные ограничения на распространение информации устанавливаются непосредственно в законах и конкретизируются в лицензионных условиях. Особенности и порядок деятельности вещателей устанавливаются в лицензионных условиях.

В целом, система взаимодействия власти и СМИ в развитых странах запада построена на следующих основных принципах:

- максимальное невмешательство государства в деятельность масс-медиа (практически все вопросы в этой области регулируются специальными органами, напрямую неподконтрольными власти);
- коллегиальность указанных спецорганов.

Эти принципы объединены в идеологию, по которой СМИ являются институтом социума, а не власти. Эту позицию разделяет и власть, осознавая необходимость независимой оценки ее деятельности со стороны граждан, что существенно повышается эффективность ее управления обществом/7/.

Изучение опыта политико-правового регулирования информационной политики и специфики взаимодействия власти и СМИ в зарубежных странах весьма важно для понимания и прогнозирования путей развития информационного пространства в современном Казахстане.

1. *Beers T. I. Public Access to Government Information // Information Law towards 21st century. - Boston, 1992; Европейская конвенция о защите прав человека и основных свобод. Право Совета Европы и Россия. - Краснодар, 1996.*

2. *Конституции буржуазных стран Европы. - М., 1957.*

3. *Конституции зарубежных социалистических государств. - М., 1973.*

4. *Дженис М., Кей Р., Брэдли Э. Европейское право в области прав человека: практика и комментарии. - М., 1997.*

5. Средства массовой информации и демократия в современном мире. - М., 2002; Власть и СМИ: Обзор правовых норм зарубежных стран. <http://duma.gov.ru>

6. Швеция: Конституция и законодательные акты. - М., 1983.

7. Средства массовой информации и демократия в современном мире. - М., 2002; Власть и СМИ: Обзор правовых норм зарубежных стран. <http://duma.gov.ru>

Түйін

Макалада автор ақпараттық саясатты саяси-құқықтық реттеудің жолдарын зерттеп, шетелдік тәжірибені көрсетеді.

Summary

In this article the author investigates the political legal regulation of the informational policy and pays attention on the experiences of foreign countries.

ҚАЗАҚТЫҢ ҰЛТТЫҚ МӘДЕНИ БРЕНДІ

Е.Б.Саиров -

саясат ғылымдарының кандидаты

Қазақстан Республикасы өз тәуелсіздігін алған 18 жылда даму мен кемелдену жолына бет алды. Осы жылдарда қол жеткізген табыстар мен жетістіктердің қатарында еліміздің рухани әлемін дамытуда ұлттық мәні зор «Мәдени мұра» бағдарламасы бар. Бұл тәуелсіз ел тарихында ерекше орын алатын жоба тарихи-мәдени мұраға деген жаңаша көзқарас туғызуға ықпал жасады. Қазақстан Республикасының президенті Н.Назарбаев «Мәдени мұра» бағдарламасын жүзеге асыру жөніндегі Қоғамдық кеңестің отырысында сөйлеген сөзінде атап көрсеткендей: «Қай халықтың болмасын өзге жұртқа ұқсамайтын бөлек болмыс-бітімін даралап, өзіндік тағдырын айқындайтын басты белгі – мәдениет. Мәдениет – ұлттың бет-бейнесі, рухани болмысы, жаны, ақыл-ойы, парасаты. Өркениетті ұлт, ең алдымен тарихымен, мәдениетімен, ұлтын ұлықтаған ұлы тұлғаларымен, әлемдік мәдениеттің алтын қорына қосқан үлесімен мақтанады. Сөйтіп, тек өзінің ұлттық төл мәдениеті арқылы ғана басқаға танылады» [1].

«Мәдени мұра» бағдарламасының басты міндеті – мемлекеттігіміздің аса маңызды рухани негіздерін қалыптастыру, санғасырлық мәдениетті жаңғырту арқылы ұлттық өрлеуге қол жеткізу. Қазіргі уақытта «Мәдени мұра» бағдарламасын іске асырудың екінші кезені басталды.

Мәдениет – адам баласының қолымен және ақыл-ойымен жасалған мәдени және рухани құндылықтардың жиынтығы. Ол қоғам дамуының

белгілі бір деңгейін бейнелейді. Мәдениеттің қоғамдағы атқаратын ролі өте зор әрі маңызды. «XXI- ғасырда әлемдік және әлеуметтік мәселелер, жаһандану процесі мен этностық қайта өрлеу процесі қатар қарқын алуда. Жаһандану барысында ұлттық ерекшелікті сақтау қозғалысы жалпылама сипатқа айналды. Жаһандану мен этностық өркендеу процесі өмірімізді өзгертеді. Десек те, әр этнос өз келбетін, дәстүрін сақтауға амалын арттыруы тиіс», - деп профессор, философия ғылымдарының докторы Жақан Молдабеков бұл мәселеге баса назар аударады [2].

Мәдени саясатта ұлттық өзгешеліктің алатын оры ерекше. Қазіргі қоғам дамуында бір-бірінен алшақ, байланыссыз жатқан ештеңе жоқ. Белгілі бір мәдени кеңістікте өмір сүріп жатқан халық қазынасының, яғни ұлттық мәдениеттің мәдени саясатқа тигізетін әсері оның ашықтығына, өзгерістерге бейімділігіне, жаңа элементтерді тез қабылдауына негізделген. Ұлттық мәдениет әр халықтың өзіне тән ерекшеліктерімен, оның тілімен, өнерімен айқындалады. Әр ұлттың өзіне тән рухани мәдениеті бар, ол материалдық өмір жағдайларының бейнесі болып қызмет етеді.

Мәдениеті мен ұлт қазыналарын қорғау - әрбір ұлттың мақсаты. Ал әлемдік мәдениет ағысынан сырт қалмау үшін олармен байланыс жасау қажет. Бұл уақыт талабы. Мемлекеттің дүние жүзіне танылу жолындағы табысы оның жалпы саясаты, идеологиялық қағидалары мен ұстанымдарына ғана емес, ұлт ретінде өзін қалай көрсете алды, яғни мемлекет қалыптастырған «бренд» ұғымына тікелей байланысты.

Жалпы «бренд» дегеніміз дүние жүзіне мәлім сауда таңбасы. Сондай-ақ ол өз атауы, графикалық бейнесі бар сауда таңбасы ғана емес, сонымен бірге бренд ұғымының мағынасы өте кең, оған тауар немесе қызмет түрінің бүкіл сипаттамасы, тұтынушы туралы ақпарат, тауардың болашағына, жасампаздығына қатысты мәселелер кіреді. Ол ықпалды болуы үшін дұрыс ұйымдастырылуы керек. Брендтің ғұмыры ұзақ болуы әрі жоғары бағалануы үшін түрлі жарнамалық шаралар, ортақ идея аясында бірлесу, брендтің ерекше, өзіндік бейнесінің болуы үлкен әсер етеді. Қазіргі 21-ғасырда ұлттық, аймақтық мүдделер де «маркаға» айналып, мәдени брендтер ретінде ұсынылуда. Дамыған елдерде өз орнын алған бұл үрдістен Қазақстан да шет қалмайды. Мемлекеттің ұйым ретінде өмір сүруі дүниежүзілік қоғамдастық талаптарына тәуелді болғандықтан, елдің танымалдылығы, қалыптасқан образының болуы мемлекетке деген сенімді жоғарылатады. Ал бұл бірте-бірте ұлттық мәдениеттің әлемге танылуына әсер етеді.

Тиімді мәдени бренд мемлекеттің рухани имиджін қалыптастырады, елдің мәртебесін өсіреді. Ең бастысы ол өркениет өлшемдеріне, заман талабына, тұтынушылар сұранысына сай болуы керек. Біздің алдымызда тұрған негізгі міндет елдің тарихи және мәдени ерекшелігін бейнелейтін зияткерлік брендін құру болып табылады. Бұл жұмыс елдің бәсекеге қабілетті құндылықтарын ұзақ уақыт бойы дәріптеуге бағытталған жүйелі іс-әрекетті, дәстүрлі мәдениет үлгілерінен заманға сай іргелі жобалар жасауды қажет етеді. Оған мәдениеттанушылар, саясаттанушылар, ғалымдар.

әдебиетшілер, тарихшылар тізе қосып біріге отырып, атсалысуы керек.

Мәдени брэндті қалыптастыруда қоғамды тиісті ақпаратпен қамтамасыз ету саласында БАҚ-пен жұмыс маңызды бағыттардың бірі болып саналады. Мәдени брэндтің бүкіл мән-мағынасы мемлекеттің жағымды бейнесін жасау және оны насихаттау, оған дүние жүзінің басқа мемлекеттері тарапынан қолайлы қарым-қатынасты туғызуға негізделмек.

Мәдени брэндтің болашағы зор. Бұл жұмыс бірнеше саланы – мәдени, мұражайлық, өлкетану, тарихи, әдеби, т.б. қамтиды. Соның арқасында елімізге дүние жүзінен туристерді тарту, архитектуралық ескерткіштерді сақтау, жас ұрпақты патриоттық рухта тәрбиелеуге қол жетеді.

Мәдени брэнд – Қазақстан үшін жаңа құбылыс. Оның мақсаты – Қазақстанның брэнді болуға лайық мәдени бейнені қалыптастыру және қолдау, оны ғылыми түрде негіздеу және жарнамалау. Мәдени иігіліктерге жасампаздық мазмұн дарыту. Бұл салада бірқатар шараларды жүзеге асыру:

1. Мәдени брэндті қалыптастыру және оны қолдау тәсілдері.
2. Мемлекеттің имиджін жасаудағы брэндтің ролі.
3. Мәдени брэнд жасау жолында жаңа технологияларды қолдану.
4. Мәдени саладағы арнайы жобаларды іске асыру.

Көптеген елдерде символдар да брэндке айналуға мұмкін. Мысалы, Армения мәдени брэнд ретінде ұсынып отырған анар жемісі – молшылықтың, өмір қуатының белгісі.

Қазіргі уақытта көшпелілер мәдениеті мен тарихына жаңаша көзқараспен қарап, жоғалуға таяу немесе жоғалған рухани-тарихи құндылықтарымызды жаңғырту қолға алынуда. Осы бағытта Мәдени саясат және өнертану ғылыми-зерттеу институты әлемдік деңгейге шығаруға лайық қазақтың мәдени брэндін қалыптастыру шараларын жүргізіп отыр.

Біздің пайымдауымызша мәдениет қоғамның рухани сұранысын ғана қанағаттандырып қоймай, сонымен бірге ірі инвестициялар тартуға да қабілетті. Дәл осы міндетті брэнд атқара алады. Мысалы, Үндістан йога өнерін халықаралық сахнаға шығарып, өз қолдаушыларын тапты, ал Жапония шай ішу дәстүрімен белгілі. Бұл шаралар белгілі бір құндылыққа айналып, жалпы елдің назарын өзіне аударады. Қазақстанда да брэндті қолға алатын уақыт жетті.

Қазақ халқының дәстүрлі мәдениеті күрделі, сан түрлі және өзара үйлесімді. Мәдени-тарихи мұралары аса бай. Қазақ халқының мифтік аңыздары, байырғы қазақ күнтізбесі, бай әдеби мұра, сан түрлі көркемөнер, шежірелік шығармалар және материалдық мәдениет мұралары ұрпақтан-ұрпаққа жалғасып келе жатқан көне мәдениет үлгілері екені белгілі. Бұл мұраларды жасаған халықтың өзі. Осы орайда көрнекті жазушы Қабдеш Жұмаділ ата-баба дәстүріне ерекше мән беру керек екендігіне назар аударады: «Көшпенділердің мәдениеті адамзат мәдениетімен бірге келе жатыр. Әлемге танылу үшін алдымен сол аталарымыздан қалған дүниені өз бойымызға сіңіріп алуымыз керек. Шыққан тегіміз - киіз үйді ұмытып кетуге болмайды. Қазақ киіз үйде туған, сонда өскен. Нағыз киіз үй – мәдениеттің,

өркениеттің үлгісі! Бір сағатта сән-салтанаты келіскен киіз үйді тігіп, жау келіп қалған жағдайда әп-сәтте жығып жинап алған. Егер қазақ көшпесе, тұқымы сақталмаған болар еді. Сондықтан біз киіз үйдің кереметін туристерге көрсете білуіміз керек» [3].

Киіз үй – мал баққан көшпелі халықтың қысы-жазы отыратын баспанасы. Ол қазақ халқы үшін аса бағалы құндылық. Киіз үй тез жығып, түйеге артуға, шапшаң тігуге ыңғайлы, көшіп-қонуға лайық. Сонымен бірге жазда ауасы таза, салқын болады. Кереге, сықырлауық, уық, шаңырақ – киіз үйдің сүйегі. Қазақ халқы шаңырақты ерекше қастерлеген, қасиетті санаған. Бата бергенде «Шаңырағың биік болсын», «Шаңырағың шайқалмасын» дейтіні содан. «Шаңырақ көтеру» деген ұғымның өзі отбасын құру, балалы-шағалы болу дегенді білдіреді. Шаңырақ – киіз үйдің күмбезді төбесін құрайтын ең жоғарғы бөлшегі. Киіз үйді тіккен кезде ең алдымен бақанның көмегімен шаңырақ көтеріледі. Жалпы шаңырақтың философиялық мәні бар. Ол табиғаттағы мәңгілік қозғалыстың, өмір даналығының, тіршіліктің символы. Киіз үй көшпелілер ұғымында дүниенің, ұлы әлемнің табиғаттың бір бөлшегі немесе үлгісі. Киіз үйдің мандай алдының міндетті түрде күншығысқа қаратылып тігілуінде терең астар бар. Қазақтар ертеңгілік үйден шыққанда күнге тағзым етіп, шапағат тілейтін болған. Бұл дәстүр көшпелілердің табиғатпен, әлеммен үндестікте өмір сүргенін көрсетеді.

Белгілі этнограф –ғалым Жағда Бабалықұлы қазақтың мәдени бренді болуға музыкалық аспаптар, оның ішінде домбыра әбден лайық деп санайды: «Қазақтың тал бесіктен жер бесікке дейінгі құндылықтарын келер ұрпаққа қалдыру біздің міндетіміз. Біз өз мәдениетімізге ие болмай жатып, ештеңе тындыра алмаймыз. Біз домбыраның өзін мәдениеттің асыл мұрасы ретінде қабылдағамыз жоқ. Қазақта алпыс екі тамырыңды ийткен, алпыс екі қоңыр күй деген ұғымдар бар. Бұл да ғылыми дүние. Біз сол қоңыр күйдің иесіміз» [3]. Қазақтың күй мұрасы «төкпе күйлер» және «шертпе күйлер» деп екіге бөлінеді. Бұл орындаушылық стильге байланысты. Төкпе күйлер дәстүрінде қарқынды, жігерлі, дауылды сарындар басым болып келсе, ал шертпе күйлер лирикалық толғау үлгісінде орындалады. Бұл күйлерден адамның ішкі ой толғаныстарына, туған жер мен табиғат сұлулығына, адам өміріндегі сыр-сипатқа құрылған ой түйіндері аңғарылады. Халқымыз өз өмірінде болған оқиғалар мен тіршілік тынысын музыкалық шығармалары арқылы бейнелеген. Күй болмысында халықтың өткен өмірі, тұрмыс-тіршілігі, әдет-ғұрпы, салт-санасы, дүниетанымы, арман-тілегі, махаббат сезімдері жатыр. Авторлары ұмыт болып, халық жадында ертеден сақталып келген халық күйлері: «Бозінген», «Ақсақ құлан», «Аққу», «Бозайғыр», «Аңшының зары» сияқты шығармалардан қазақ халқы жайлы мол мағлұмат алуға болады.

Қазақ халқының аса бай мұрасының бір саласы – қолөнері және ұлттық киімдері. Оның тарихы тереңде жатыр. Қолөнер – ғасырлар бойы дамып, қалыптасқан халық шығармашылығының сарқылмас қайнар көзі, халық мәдениетінің айнасы. Ол талай кезеңнен өтіп түрленіп, жанарып, атадан балаға мұра ретінде бізге жетті. Кез-келген халықтың қолөнері оның

тарихымен, қоғамдық құрылысымен, әдет-ғұрып, салт-санасымен астасып жатыр. Қазақ халқының қолөнерін зерттеуші, белгілі шебер Дәркембай Шоқпарұлы былай деп жазады: «Қазақ халқы жер жүзінің көп халықтарынан ерекше көрсететін қасиеті – ол мәдениеті мен өнері, әдет-ғұрып, салт-дәстүрі. Қазір жастар арасында еуропа мәдениетіне еліктеу, солықтау үрдісі басым. Өз халқының тілін, мәдениетін жете білмеген адам – басқа елдің мәдениетімен алысқа бара алмасы – ақиқат. Халықтың қолөнері мемлекет тарапынан да қолдау табуы шарт» [4].

Қазақстан аумағынан табылған қола дәуіріндегі ескерткіштердің өзі қолөнердің ежелгі дәуірден басталғанын дәлелдейді. Ежелгі сақтар мен түркілердің тотемдерінің бірі – қасқыр бейнесін қазақтардың көркем бұйымдарынан көптеп кездестіруге болады. Алматы маңындағы Есік қорғанынан табылған ескерткіштерде андық стиль басым. «Алтын адамның» бас киімі мен киімдері пластина белгілермен әшекейленген. Жалпы алтын киімді сақ жауынгерінің өзі көне дәуірдегі материалдық мәдениет, өнер, мифология, т.б. салалардан мол дерек береді және сол кездегі сақтарда қалыптасқан өркениет болғанын дәлелдейді. Қазақстан тәуелсіздігінің символына айналған «Алтын адам» қазақтың бірегей мәдени брэнді бола алады.

Қазақ халқы үшін дастарханнан үлкен, дәмнен ұлы нәрсе жоқ. Қазақтар ертеде пайдаланған тамақтардың негізгі түрлері: ет, сүт, қымыз, құрт, ірімшік және т.б. мал өнімінен дайындалған. «Көшпенділер өркениеті» орталығының бас директоры Ахметбек Нұрсила қымызды ұлттық брэндке айналдыруға әбден лайық деп санайды: «Осындай асыл дүниелерімізді қолдана алмай отырмыз. Маркетинг, менеджментті іске қосып, қымыз секілді сусынды ұлттық брэндке айналдыруға болады. Ол үшін, әрине, алдымен оларды өзіміз тұтынып, қадірін ұғынып алуымыз керек. Қазақтың қымызын осылайша бүкіл әлем ішетін болады» [3]. Қымыз – қазақ халқының ұлттық тағамдарының ішіндегі ең бағалы дастархан дәмінің бірі. Ол тек қана бие сүтінен ашытылады. Қымыз – дертке шипа, денеге күш. Қымыз ерекше дәмді, құнарлы, адамның жан сарайын ашатын, хош иісті және өте сіңімді сусын. Оның бұлай болу себебі, жылқы жануарының өзіне ғана тән асыл қасиетінен. Ұзаққа жайылатын жылқы малы кең даланың сан алуан шөптерінен тек шұрайлысын ғана үзіп, өз бойына жағымдысын сіңіреді. «XX-ғасырда ұлттық тағамын жоғалтып алған халықтың бірі – біз, - дейді журналист, «Жас қазақ» газетінің бас редакторы Дәурен Қуат, - құнарлы тағамымыздан айрылғаннан кейін дене бітіміміз бен ойлау жүйеміз де өзгеріп бара жатқан сияқты. Елімізде туризм кластерін дамытудың бір жолы ұлттық тағамдар өндірісіне пәрмен беру емес пе? Ендеше, ғалымдар ұлттық тағамның тарихын зерттеуі керек. Бойында қызу қаны бар, даланың самалына шомылып, талғап жең, таңдап ішетін жылқыдан таза, жылқының сүтінен кәусар не бар?» [3].

Ғасырлар сүзгісінен өтіп, біздің заманымызға жеткен осындай қазақтың асыл тарихи-мәдени мұралары, ұлттық және тұрмыстық салт-дәстүрлері

заман талабына сай келіп отырғанының өзі біз үшін үлкен жетістік болып табылады. Халқымыздың рухани тұлғасын жаңғырту, оны сақтау – бүгінгі күннің көксйтесті мәселелерінің бірі. Ата-бабамыздың қалап кеткен жолын қазіргі заман сұранысымен үйлестіріп, әлемдік өркениет төрінен орын алу, дәстүрлі мәдениет үлгілерінен заманға сай іргелі жобалар жасау – қазақтың ұлттық мәдени брендин жасау шарасының басты мақсаты.

Пайдаланылған әдебиеттер:

1. Назарбаев Н.Ә. «Мәдени мұра» - мемлекеттің соны стратегиялық ұстанымы // Егемен Қазақстан.- 2007.- 14 ақпан.- 1бет.
2. Молдабеков Ж. Ұлттық идея бағдары //Ақиқат.- 2009.- №8.- 8бет.
3. Біз дәм мұзасын жоғалтып алған халықпыз // Жас қазақ.-2009.- 20 ақпан.- 10 бет.
4. Дәркембай Шоқнарұлы. Қазақтың қолонері. - Алматы: Өнер, 2005.- 176 бет.

Резюме

Программа «Культурное наследие» нацелена на возрождение и сохранение многовековых традиций казахского народа. Статья посвящена вопросам формирования культурных брендов Казахстана. Автор анализирует опыт Казахстана в создании культурных брендов, которые являются одним из способов входа в мировое культурное пространство.

Summary

The program "Cultural heritage" is aimed at revival and preservation of centuries-old traditions of the Kazakh people. Article is devoted questions of formation of cultural brands of Kazakhstan. The author analyzes experience of Kazakhstan in creation of cultural brands which is one of ways of an input in world cultural space.

ӘЛЕУМЕТТАНУДЫҢ ӨЗЕКТІ МӘСЕЛЕЛЕРІ АКТУАЛЬНЫЕ ВОПРОСЫ СОЦИОЛОГИИ

ҚАЗАҚСТАНДЫҚ ҚОҒАМДАҒЫ ГЕНДЕРЛІК ӘЛЕУМЕТТЕНДІРУ

Б.Н. Кылышбаева –

соц.ғ.к., әл-Фараби атындағы ҚазҰУ

әлеуметтану және әлеуметтік жұмыс кафедрасының доценті

Ерлер мен әйелдердің қоғамдағы орны мен атқарар рөлін түсіну, гендерлік стереотиптер мен анықтаулар адамның жеке ерекшеліктері, өмірлік тәжірибесі негізінде қалыптасады. Алайда ғасырлар бойы қалыптасатын және барынша кертартпа сипатқа ие қоғамдық сананың да маңызы зор. Қоғамдық сананың барлық түрінен (құқық, дін, идеология, саясат, мәдениет және т.б.), әлеуметтену институттары мен негіздерінен гендерлік стереотиптер туындайды. Әлеуметтену мен интернационализацияның бастапқы қызметін отбасы атқарады. Индивид көпшілікпен өмір сүру қағидаларын, үлгісін және басқа адамдармен қарым-қатынас жасаудағы мінез-құлық ережелерін дәл осы отбасында үйренеді. Дәстүрлі қазақ қоғамында отбасындағы өзара қарым-қатынас ру-тайпалық тұрмыс-салт ықпалымен қалыптасқаны белгілі. Трайбализм әлі де қазіргі қазақ қоғамындағы әлеуметтік қатынастардың кейбірін әсіресе тұрмыстық деңгейде анықтайды. Қазақ үшін жеке сәйкестік межелігіндегі маңызды дүние – ол өз тегіне тиесілілігі. Дәстүрлі қазақ қоғамында отбасы барынша кең мағынасындағы, ашық жатқан, тұтас бір ауылға көрнекті негізгі әлеуметтік бірлестік ретінде ұғындырылды. Туған-туыс атаулы әр отбасының өміріне белсені араласып, отбасы мүшелерінің өзара қарым-қатынастары ақырғы шешімді үлкендер шығаратын әулеттің ережелеріне сәйкес құрылды. Қазақ отбасында сол әулеттің қариясы – отбасы деңгейінде сөзі жүретін жеке үлкен құрметке ие.

Шаруашылық жағдай көшпелі өмір салтының қиыншылығын ер адамдармен бірге көрген әйелдердің де еңбегін бірдей қажет етті, мұның өзі әйелдердің тайпалық қоғамда ер адамдармен тең дәрежеде болғандығын көрсетеді. Олар жер иеленуші, отырықшы көрші халықтармен салыстырғанда белгілі бір деңгейде саяси және экономикалық еркіндікке ие болды, қоғамдық пікір алмасуда тең құқылы болды. Сондай-ақ мәдени үлгілер ұрпақтан-ұрпаққа өз халқының мәдениетін, салт-дәстүрін жеткізе отырып, балаларын тәрбиелеуге міндетті болған ана, әйел, жұмысшы рөлдерінің дәстүрлі сәйкестігін көрсетеді. Ерлер мен әйелдердің кеңес заманында теңдікке қол жеткізгеніне қарамастан, отбасының әулетке, руға бағынуы қазақ қоғамында қазір де көрініс табады.

Батыс елдерінде әйелдердің өз құқықтары үшін күресі төменнен, суфражистер қозғалысынан басталса, Кеңес Одағында әйелдер құқығы жоғарыдан төмен қарай бағытталды. Әбден қажытқан азамат соғысынан кейін енді қалыптасқан жас мемлекетке индустриялық, ауыл шаруашылығы саясатын жүзеге асыру үшін жұмысшы қолы жетіспеді. Ерлер мен әйелдердің жаңа тендік саясатының теориялық алғышарты Ф.Энгельстің «Отбасының, жекеменшіктің және мемлекеттің пайда болуы» деген еңбегі болды, мұнда әйелдердің теңсіздік жағдайының алғашқы себептері айқындалды. Ерлер мен әйелдер арасындағы тең қатынастарды алға қоятын жаңа саясат тарихи кемсітушіліктің көзін жоюды мақсат етіп қойды, кеңестік некенің жаңа үлгісін – «еркін махаббат» моделін ұсынды және қоғамға балаларды тәрбиелеу және асырау сияқты отбасылық міндеттерді артуды қарастырды. Қазақ даласына казак әйелдерін азат ету, оларды белсенді түрде қоғамдық өндіріске де, әлеуметтік өмірге де тарту идеялары келді. 30-жылдары бұл саясат өзгере бастады, енді әйелдердің репродуктивті қабілеттерін – туу көрсеткішін өсіруді, ата-ана міндетін кеңейтуді бақылау жағына мән берілді. Осылайша, 1936 жылдың 27 маусымындағы ОАК (ЦИК) және ХКК (СНК) қаулыларында жасанды түсікке тыйым салынған және онда былай делінген: «әлемнің ешбір елінде әйелдер мұндай толықтай теңқұқылылыққа ие емес», «әлемнің ешбір елінде бала туу және азаматтар тәрбиелеу сияқты үлкен және жауапкершілікті міндетке ие ана және азаматша ретінде әйелдер КСРО-дағыдай үлкен құрметке ие емес және заңмен қорғалмайды». Бұлардың нәтижесінде бала тууға толықтай жауапты тұлға ретіндегі әйелдің бейнесі, отбасында билік құрушы тұлға ретіндегі ананың бейнесі қалыптасты. Социализм құрылысының алғашқы сатысында нақты саяси үлес салмағы болған әйелдер кеңестері кеңсешіл кәсіподаққа ұқсас, тек сөз жүзіндегі ұйымға айналды.

Индустрияландыру, соғыс экономикаға елдегі барлық дерлік еңбекке қабілетті әйелдерді тартты. Соғыстан кейін мемлекет елдегі демографиялық жағдайды жақсартуға баса назар аударды, алайда бұл мақсатқа қол жеткізгеннен кейін, 1955 жылы жасанды түсікке рұқсат берді, ал бұл өз кезегінде «әйелдің негізгі мақсаты – ана болу» деген түсінікті біршама ысырып тастады. 1968 жылғы отбасы туралы заңнамада ымыралы саясат байқалады. Мұнда әйелдің отбасында негізгі рөл атқаратыны жазылған, сондай-ақ «кеңес әйелінің ана болу бақытын өндірістік және қоғамдық-саяси өмірге белсенді және шығармашыл түрде араласумен үйлестіре алуы үшін барлық қажетті әлеуметтік-тұрмыстық жағдайлармен қамтамасыз етілетіндігіне» сілтеме келтірілген, «материалдық құндылықтардан бөлек, өзара сүйіспеншілік, достық және отбасының барлық мүшелерін сыйлау сияқты сезімдер» туралы айтылған. Орталық тұлға ретінде ана алынған отбасы моделі ресми түрде КСРО-ның 1977 жылғы Конституциясында расталды, онда әйелдің қоғамдағы рөлі «еңбек адамы, ана, өз балаларының тәрбиешісі және үй шаруашылығындағы әйел» ретінде анықталған. Кеңес мемлекетінің құрылуы барысында әйелдер мемлекеттік және заң шығарушы

билік органдарынан, партиялық номенклатурадан да көрінді, бірақ олар шешім шығару процесіне іс жүзінде қатысқан жоқ, оларға тек атқару қызметтері ұсынылды. Ресми жарияланған ерлер мен әйелдер тендігі саясаты биік мінбелерде баяндалған бірыңғай баяндамаларға (ұлттық теңсіздік, діни сенім теңсіздігі және т.б.) арқау болды. Қазақстан Республикасының 1993 жылғы, 1995 жылғы Конституциясында әйел мен ер адамның отбасындағы және қоғамдағы қатынастарының эгалитарлы (яғни тең құқықты) моделі қарастырылған. Алайда қазіргі таңда әйелдің патриархалды рөлімен байланысты идеялар қарқынды түрде қайта жандана бастады. Мамандардың пікірінше, бұл құбылыс дәстүрлі гендерлік стереотиптерді қолдану арқылы ұлттық құрылымдастыру процесі жүріп жатқан жас, тәуелсіз мемлекеттерге айрықша тән. Соған қоса мұның себептеріне кеңестік азат етуден жалығуды, қайта исламдандыруды, индивидтің жеке бас бостандығының және дербестігінің орны толмас қуысы ретіндегі адамның жеке өмірін қоғам мен мемлекетке тәуелсіз салаға бөлу процесін жатқызуға болады. Капиталистік қоғамның, либералды демократияның құндылықтары индивидтің дербестігіне құрылады, мұның барысында адамның жеке өмірінің саласы үйдегі отағасының (ер адамның) беделін орнықтыру арқылы бекиді. Әйелдің ер адамнан ажырағысыз болуындағы экономикалық және әлеуметтік механизмдер тәжірибесі ғасырлар бойы қалыптасса, отбасының асыраушысы бейнесіндегі күйеу имиджінің тарихы әрде жатыр. Қазіргі бұқаралық ақпарат құралдары мұны үлкен жетістікке ие орта тап үлгісі ретінде тарататып жүр. Гендерлік стереотиптердің қалыптасуына гендерлік үйлесімсіздік те ықпал етеді, ол басында Екінші дүниежүзілік соғыс пен сталиндік репрессиялар барысындағы үлкен, орны толмас адам шығынымен, сосын бейбіт күндегі жарым-жарты отбасылардың көбейіп кетуімен байланысты. «Әкенің жоқтығы» ер адамның отбасында өзіндік рөл атқару дәстүрінің жоғалуына әкеліп соқты. «Ұры» фильмінен әке бейнесінің жетіспеушілігін айқын аңғаруға болады. Ұл балаларды да, қыз балаларды да тек мүмкіндігінше әкенің де рөлін атқарған ана тәрбиеледі. Есейе келе, олар өз отбасыларын құрды, бірақ отбасында ер адамның мінез-құлық моделінің болмауы ерлі-зайыптылар арасындағы тұлғааралық қатынастардың үйлесімсіздігіне әкеліп соқтырды. Нәтижесінде әйелдердің бүркемеленуі және ер адамдардың кейінге ысырылуы феномендеріне тап боламыз.

Қазіргі ұлттық идеология ана бейнесін стереотип қалыптастырудың қуатты механизмі ретінде қолданады. Бұқаралық ақпарат құралдары үнемі халық саны көрсеткішінің қысқаруына орай әйелдердің патриоттығына жүгінеді, білім беру саласындағы мемлекеттік саясат болашақ әйел және ана ретінде қыз балалардың тәрбиесіне баса назар аударады, дін әйелдің бойына бала бітірмейтін құралдарға мүлде қарсы шығады, балалардың болуын адамгершілік міндет деп, ал бедеулікті жаза ретінде қарастырады. Әйелдің қоғамдағы барынша насихатталатын ізгілікті рөлі толықтай күйеуіне тәуелді және дәстүрлі отбасына қалтқысыз қызмет ететін ана, жар, үй шаруашылығындағы әйел рөлі болып табылады. Дәстүрлі отбасы деп бұл

жерде міндетті түрде балалары бар, әйелі жұмыс істемейтін, ал материалдық қамтамасыз ету әкелінің мойнына артылған отбасыны түсінеміз. Балаларының болуы әйелдің қоғамдағы беделін жоғарылатады, оның жеке тұлға ретінде кемеліне келгендігін көрсетеді; баласы болғанын қаламау өзімшілдік деп қарастырылады, ал балалары үшін кез келген қиындықты, азапты көтеруге және құрбандыққа баруға да дайын болу – өр мінезділіктің, жинақылықтың көрінісі. Көптеген дамыған елдерде ана болуды әйелдердің көпшілігі қалайды, бұл – олар үшін айтулы оқиға және тіпті романтикалық сипатқа да ие. Кеңес әдебиеттерінде, кинематографиясында міндетті түрде жұмыс істейтін, сонымен қатар қарқынды түрде және сол ісінен бір нәтиже шығаруға бейімделе отырып жұмыс істейтін әйелдің бейнесі ұнамды бейне саналды. Мұндай әйел ақыр соңында, егер бастапқыда күйеуі және (немесе) баласы болмаса, міндетті түрде Құдайдың осындай сыйына ие болған.

XXI ғасырда индивидуализм және өзін-өзі жетілдіру құндылықтары басымдыққа ие бола бастады, енді көптеген жас әйелдер еркін жүріп-тұруын ана болу «ауыртпалығына» айырбастауға асықпайды және ана болу әйелге табиғаттан берілетін ең үлкен сый екенін түсіне бермейді. Сондай-ақ жар болу және ана болу әйелдердің көпшілігі үшін басты мұрат болып табылады, ал тұрмысқа шықпаған, ажырасқан, баласы жоқ, мансап қуған әйел бейнесі теріс қабылданады. Бүгінде қоғам әйел заты үшін бар қырынан ашық болса да, кез келген әйел өз өмірінің «сценарийін» еркін тандай бермейді. Мысалы, көбінесе әйелдер жұмыс істеуге экономикалық қажеттілікке орай барады және өзінің үй шаруашылығына тек қосымша міндеттер қосып алады. Үй шаруашылығы мен үйден тыс жұмыс істеуді үйлестіру – бүгінде кең таралған құбылыс, алайда жар және ана болу міндеті қашанда ең маңызды міндет ретінде бағаланады. Қазіргі замандағы әйелдер түрлі өмірлік стратегияларды тандайды. Әйел үшін тұрмысқа шыққаннан кейін ана болу міндетін жүзеге асыру, содан кейін ғана балалары ес біліп қалғанда жұмыс істеуге шығу бәрінен де артығырақ жол, ең дұрыс стратегия болса керек.

Келесі бір көп кездесетін жағдай – ана болу міндетін кейінге қалдыру, бұл жағдайда әйел алдымен мансап қуып, содан кейін ғана бала тәрбиесімен айналысады. Үшінші стратегияда ана болу міндеті мен отбасылық құндылықтар өмір бойы басым бағытқа ие болады. Төртінші стратегия отбасы мен қызметін үйлестіруге мүмкіндік береді. Ал әйел үшін тек мансап үнемі басымдыққа ие болатын жағдай анағұрлым сирек қызығушылық тудырады. Сонымен қатар қоғам санасында бұрынғыдай ананың міндеттері тек әйелмен байланыстырылса да, біртіндеп бала тәрбиесіндегі айтулы міндеттер әкеге, түрлі балалар мекемелеріне және т.б. тиесілі болмақ. Кеңес заманында біздің елде әйелдің тек үй шаруасымен айналысып отырғаны қоғамдық теріс пікір қалыптастырып, дарашылдық, мешандық деп саналған кезде балалардың көпшілігі балаларға арналған мекемелерде немесе әжелерінің қолында тәрбиеленді. Қазіргі қоғамда орта тап үшін әйелдің жұмыс істемей, үйде отыруы қалыпты жағдай және тіпті өмірде табысқа жетудің де ерекшелігі болып саналады.

Біраз уақыт бұрын ғана орта жастағы әйелдер үшін тұрмысқа шығу ертеңгі күнге сенімді болудың жалғыз жолы болса, қазір бұл тұрғыда екі феномен бар. Біріншіден, жалғыз басты әйелдер туралы бұл күнде оң көзқарастың жойылуы, және, екіншіден, олардың тағдырының дұрыс болмағандығы туралы тақырыптың кең тарауы. «Кәрі қыз» деген теріс имидждің ықпалымен адамдар бұрынғысынша әйел адам үшін білім алу, жұмыс істеу сияқты іс-әрекеттердің барлығы оның ең басты міндетіне – күйеуге шығуына еш кедергі келтірмеуі керек деп есептейді. Қазіргі әйелдердің көпшілігінің тұрмысқа шығуға деген көзқарасы олардың аналары мен әжелерінікіндей болып қалған: тұрмыс құру – жастық дәуреннің аяқталуы және ересек өмірге аяқ басқанын сезіну. Олар өздерінің күйеуге шығуын қоғам құл көреді және керісінше, отбасын құрмау, қоғамдық көзқарас тұрғысынан, сәтсіздік белгісі болып табылады деген сенімде. Көп жағдайда әйел «күйеуім түзелер» деген үмітпен, сондай-ақ «отбасын бұзуға болмайтындықтан», өзін қорлайтын адаммен бірге тұрып, өмір сүре береді. Әйел күйеуінен айырылудан үлкен абыржушылықпен қорқады, өйткені біздің қоғамда отбасы болмауы, тұрмысқа шықпауы ол әйелдің толықтай дәрменсіздігін, қауқарсыздығын білдіреді.

Алайда қазіргі әйелдердің арасында дербестік және тәуелсіздік сияқты құндылықтардың мән-мағынасы артып, осының салдарынан тұрмыс құрмай қалғанды жөн санайтындардың пайызы да артып келеді. Ер адаммен ұзақ уақыт бірге тұру мүмкіндігі, бірлесіп шаруашылық жүргізу қорғаныс сезімін тудырады, алайда әйелдің тәуелсіздігін сақтайды және үй шаруасына толықтай араласуын талап етпейді. Бірге тұратын және ресми түрде некелеспеген ер адамдар мен әйелдердің саны баяу болса да көбейіп келеді. Әйелдердің бірдейлігін көрсететін негізгі сипаттамаларының бірі әйелдің ішкі образын қабылдау көрсеткішімен тығыз байланысты болатын ішкі «Мен» образын қабылдау және дамыту деңгейі болып табылады. Әйел бейнесі әртүрлі қыздың санасында әртүрлі болады, себебі бұл образдардың мазмұны олардың жеке ерекшеліктеріне де, сондай-ақ өмірлік әлеуметтік тәжірибесіне де байланысты.

Гендерлік тендік идеяларының кең тарауы адамдарды «әйел заты өзіне жаңа әлемде қалай өмір сүруі керек, жұмысы мен үй шаруасын, бала тәрбиесі мен қызметте жетістікке жетуді қалай үйлестіруі керек, күйеуімен серіктестік қарым-қатынасты қалай орнатуы керек» деген ойларға жетелейді. Мұндай ойлардың жетегі ішкі гендерлік карама-қайшылыққа әкеліп соғады, яғни заманның жаңа талаптары дәстүрлі гендерлік стереотиптермен және соқыр нанымдармен қақтығысқа түседі. Қарқынды түрде күнделікті өзгеріске ұшырап жатқан әлеуметтік шындықты өзгерту мүмкін емес және бұл міндетті түрде гендерлік стереотиптердің трансформациясына жол ашады.

Резюме

В статье предложено собственное видение трансформации гендерных стереотипов в современных условиях, рассмотрены факторы, влияющие на этот процесс. Изменение социокультурных условий существования личности ведет к постоянной трансформации и необходимости формирования новых гендерных стереотипов. Гендерные нормы не всегда отражают истинных реалий нашей жизни, но конструируют идеализированный образ женственности и мужественности. Они закрепляются как стандарты и ориентируют людей. Новые требования времени вступают в конфликт с традиционными гендерными стереотипами и с неизбежностью приводят к их трансформации.

Summary

The article suggested that his own vision of transformation of gender stereotypes in modern conditions, examined the factors influencing this process. Change of sociocultural terms of person's existence leads to constant transformation and to form a new gender stereotypes. Gender norms do not reflect true realities of our life, but they design the idealized image of femininity and masculinity. They are fixed as standards and pattern people's behaviour. The new demands of the time in conflict with traditional gender stereotypes and inevitably leads to their transformation.

ЖАС ҒАЛЫМДАР МІНБЕСІ ТРИБУНА МОЛОДЫХ УЧЕНЫХ

ДЕМОКРАТИЯ КУРСЫН ОҚЫТУДЫҢ КЕЙБІР ӘДІСТЕМЕЛІК МӘСЕЛЕЛЕРІ

Ж.Ғ.Сәрсенбаева -

*саяси ғылымдарының кандидаты, доцент м.а.,
Философия және әлеуметтік-гуманитарлық ғылымдар кафедрасы,
ҚазМемҚызПУ, Алматы қ.*

Қазақстанда демократия курсын оқытудың әдістемелік мәселелері қазіргі демократияландыру процесімен көп байланысты. Мысалы, Президент Н.Ә. Назарбаев халыққа өз Жолдауында демократияландыру және құқық қорғау жүйесіндегі кемшіліктерді атап көрсете келіп, былай деді: «Жаңа онжылдықта біз өзіміздің экономикалық жоспарларымыздың табыстарын *дәйекті саяси жаңғырту* арқылы бекемдеп, саяси жүйемізді жетілдіруді жалғастырамыз. Және мұнда құқықтық реформа маңызды рөл атқаратын болады. ...Басқаша айтқанда, жаңа онжылдықта бізге *демократиялық мемлекеттегі құқық қорғау қызметінің жоғары халықаралық стандарттарына сәйкес келетін жаңа құқық қорғау жүйесі* қажет. Менің тапсырмам бойынша, тиісті құжат жобасы дайындалды» [1]. Осыған байланысты Президент алдағы уақытта біздің заңдарымызды ізгілендіріп, олардың демократиялық сапасын арттыру қажеттігін атап көрсетті. Бұл, әрине саясаттану пәнін оқыту ісімен де байланысты.

Демократия ерте дүниедегі Грециядан бастау алғаны белгілі. Сондықтан саясаттануды оқыту ісі бүкіл адамзат тарихында демократияны дамыту кезеңдерімен байланысты.

Феодализм заманында мемлекеттік басқарудың жетекші түрі негізінен демократия емес, монархия болды. Ол кездерде де бәрі бір оған қарсы күрес толастаған емес. Сөйтіп, демократия өзінің нағыз оң бағасын жаңа заман басталғанда, яғни ағылшын және француз революцияларының кезінде алды. Монтескье, Гоббс, Локк, Руссо, Кант өздерінің көзқарастарында демократияны ақтап алды деуге болады. Билік бөлінісін ұсынды. Бұл дегеніміз демократияның жаңа түрін тандау еді. Ал «Адам құқының декларациясы» (1791) демократияны ресми мойындап, республиканы мемлекеттік ұйым түрінде қабылдады.

Кейінірек, яғни XIX ғасырдың соңында және XX ғасырда саяси доктриналарда демократия принципі жаппай негізге алына бастады. Одан кателіктерге ұрынған большевизм мен фашизмде тыс қалған жоқ. 1917 жылғы революция пролетариат диктатурасын пролетарлық демократияның жоғарғы үлгісі деп жариялағаны белгілі. Іс жүзінде мұндай «демократия»

революцияға қызмет егемін деп демократиялық қозғалысқа үлкен зиянын тигізгені де тарихтан белгілі.

Демократия үшін күрес БҰҰ-да адам құқы туралы декларация қабылданғаннан кейін күшейе түсті (1948). Одан кейін Европадағы қауіпсіздік пен ынтымақтастықтың Хельсинки мәжілісінде (1975) ол жөніндегі оң пікір одан әрі дами түсті. Олар социалистік елдерде адам құқын қорғау қозғалысына ықпалын тигізді, диссиденттерді қолдады.

Қысқасы қазіргі кездегі «демократия» ұғымының мынадай 4 ерекшелігі бар: саяси жүйенің демократиялығы; партияға, кәсіподақ, өндіріске тән демократия; қоғамдық құрылыс мұраты ретіндегі демократия; нақтылы әлеуметтік қозғалыстар демократиясы (коммунистік, социал-демократтық, христиан – демократтық, либералдық, жасылдар және т.б.).

Жаңа дәуір ойшылдары демократияны негізгі екі қағидаға – еркіндік пен теңдік принциптеріне көңіл бөліп, адамның өзіндік құндылықтары мен өкілдік демократия идеяларын негіздеуге талпынды. Демократияның классикалық теориясын қалыптастыруға Гоббс, Локк, Джефферсон, Ж.Ж. Руссо, И. Шумпетер елеулі үлес қосты.

Қазіргі кезде демократия ағауы кең мағынада: мемлекеттің тұрпаты мен жалпы жүйесін; мүшелерінің теңдігін; басқару органдарының сайланбалылығын және көпшілік дауыспен шешімдер қабылдау принциптеріне негізделген кез-келген ұйымның сипатын; қоғамдық құрылымның мұраттарын және соны жақтайтын саяси көзқарастар жемісін бейнелеу үшін қолданылады. Тіпті демократияның көпшілік мойындаған бірегей анықтамасы да қалыптаспаған. Әр дәуірде өмір сүрген ойшылдар демократияны өз заманының құндылықтары, нақты бір әлеуметтік ортаның аңсар мұраттары тұрғысынан түсіндіруге тырысып баққан. Әлемнің әр түрлі елдеріндегі тарихи, ұлттық, саяси әлеуметтік және тағы да басқа ерекшеліктерге орай демократияның нышандары алуан түрлі рен-мазмұнға ие болды. Бұл ретте Қазақстанда демократияның тарихи тамырлары барын айтпай кетуге болмайды. Саясаттану пәнін оқыту ісінің күрделілігі мен қиындығы осында. Сондықтан ол қаншама әдістерді қолдануды қажет етеді. Дегенмен демократиялық мемлекеттердің алуан түрлілігіне қарамастан, олардың *ортақ белгілері* мыналар: халық заң жүзінде мемлекеттік биліктің бірден-бір бастауы, азаматтардың заң алдында теңдігі, еркіндігі мен бостандығы, сондай-ақ әлеуметтік, тұрмыс әділеттігі принциптерінің орнауы, мемлекеттік билік органдарының жүйелі түрде сайлануы, азшылықтың пікірімен санасу тағы да сол сияқты белгілер өз ретінде саясаттануды оқытуды жеңілдетеді. Бұны да арнайы әдіс ретінде қолдану қажет.

Демократияландыру процесі шын мәнінде демократия болуы үшін мынадай алғы шарттар орындалуы тиіс: азаматтық қоғамды қалыптастыру үшін мемлекет пен қоғамның өзара қарым-қатынасының жаңа дәрежесіне қол жеткізу; саяси алуандыққа негізделген саяси партиялардың топтасуына, консолидациялануына қол жеткізу; әрбір билік тармақтарының өзіне тән тікелей қызметін атқаруы; демократия өте орталықтандырылған билік құрылымымен сыыспайтын болғандықтан жергілікті басқарудың күшеюі.

Тағы бір күрделі жәйт – демократияны қорғау мәселесі. Президент Н.Ә. Назарбаев айтқандай, «Біз демократиялық дәстүрлерді дамытумен бірге оны қорғаудың жеткілікті қатаң жүйесін қарастыруымыз керек» [2]. Бірақ елдің қауіпсіздігін қамтамасыз ету үшін, біздіңше, кез-келген әдіс, яғни қатаң саяси билік және оппозициямен күрес жарамды деу қате. Оның демократиялық дамуға қарама-қарсы екені белгілі.

Айта кету керек, КСРО тарқағаннан кейінгі өтпелі кезеңде демократия бірденнен нағыз демократия болып кете алмады. Көп елдерде демократия жолы автократияға байланысты болды. Қазақстанда да «демократия» ұғымы туралы пікір-таластар орын алды.

Саясаттануды оқыту процесінде еске алатын нәрсе – Қазақстандағы қол жеткен либералдық демократиялық қоғамның жетістіктері. Оның белгілері, біздіңше, мынадай:

Экономика саласында: меншік түрлерінің әркелкілігі; еңбекке қарай бөлу принципі; кәсіподақтардың еңбекшілер құқын қорғауы; табысы төмен топтардың жағдайына қамқорлық;

Саяси салада: президенттік-парламенттік басқару, саяси пікірдің әртектілігі; көппартиялықтың болуы; сайлау жүйесінің демократиялылығы; құқықтар мен бостандықтар туралы демократиялылық заңдардың болуы; қоғамдық ұйымдар жүйесінің болуы; оппозицияның болуы;

Рухани салада: сөз, ар-ұждан бостандықтары; өнер мен мәдениеттің дамуы; дамыған оқу ағарту жүйесінің болуы; зұлымдықты, нәсілшілдікті насихаттауды шектеу;

Әлеуметтік салада: жеке адамның әлеуметтік қорғалуы; әділетсіздіктен қорғау; әлеуметтік қамсыздандырудың сапасы және оған қол жеткізу. Осы ретте мынадай **нақтылы жағдайларды** еске алу қажет:

Қазақстанда билік жүйесін демократияландыру жолында 2007 жылы өте батыл шешімдер қабылданды. «Жұртының құрамы сан алуан, білім өресі мен белсенділігі жоғары ел үшін демократия – тағдырдың өзі пешенесіне жазған жол», [2] – деп атап көрсетті Н.Ә. Назарбаев. Қоғамдағы кейбір саяси күштер тарапынан халықтың демократияға әлі де болса, мәдени, саяси жағынан дайын еместігі туралы пікірлер айтылғанына қарамастан Президент Н.Ә. Назарбаевтың стратегиялық бағдарламасымен жүзеге асырылуда. Ол басқарған мемлекеттік комиссияда партиялар жұмыс істеп, демократиялық реформалардың бағдарламасы нақтыланды. Бұдан 15 жыл бұрын ТМД-ның жас мемлекеттері қалыптаса бастаған кезде, оның кейбіреулері саяси реформалаудан бастаса, Қазақстан экономикаға басымдық берді. Президент Н.Ә. Назарбаев айтқандай, «алдымен экономика, содан соң саясат» деген принцип жүзеге асырылды. Оған халақаралық қауымдастық оң баға берді деуге болады. Бастысы-көп ұлтты Қазақстанның бірлігі сақталынды. *Қазір мемлекет дамуының жаңа кезеңінде саяси реформаларға да басымдық мән берілді.*

Қазақстан президенттік-парламенттік Республикаға айналды. Конституцияда азаматтық қоғамның алғышарты болып табылатын азаматтардың құқықтары мен еркіндіктері заңдастырылды; баламалы негізде

жалпы сайлау жолымен мемлекеттік билікті ауыстырудың тетігі белгіленді; атқарушы билікке тепе-тең болатын жаңа екі палаталы Парламент жұмыс істейді; құқықтық-сот жүйесі реформалануда; өзін-өзі басқару институты қалыптасып келеді; көппартиялық жүйе және саяси плюрализм қалыптасу және даму үстінде; тәуелсіз БАҚ қалыптасуда.

Мәслихаттардың басқару рөлінің арта түсуі өз кезегінде саяси партиялар мен қоғамдық бірлестіктердің, сол сияқты депутаттыққа кандидаттар ұсынатын кездерде азаматтардың белсенділігін арттырады. Бұл да демократияның бір белгісі.

Сол үшін жұмыста либералдық демократияның, яғни элиташылдық, плюралистік демократия модельдерінің мәні ашып көрсетілді. Демократия идеясын батыстық өркениетке ғана тән нәрсе деп есептеу, біздіңше, орынсыз. Себебі қазіргі заман тарихы көрсетіп отырғанындай, теңдік, еркіндік және *демократия идеялары универсальді* ұғым ретінде әлемдік қауымдастықтың басым бағытына айналып отыр. Ол Қазақстанда *демократияның ұлттық моделінің* негізі болып табылады. Осыған сәйкес тарихта орын алған демократия концепциялары мен модельдері зерттелді, оның қазіргі демократиялық процеске ықпалы анықталды.

Қазақстанда **президенттік-парламенттік басқаруға көшу демократияландыру ісіндегі өте айтулы оқиға болды.** Ол тіпті де ел президентінің билігін осалдатпайды. Президент өзіне тән қызметін сақтайды. Ол елдің саясат алаңындағы түрлі биліктік күштердің қарым-қатынасын реттеп отырады.

Қазақстан Республикасының саяси жүйесінде нақты әрі сапалы жүргізіліп жатқан өзгерістер жүзеге асырылуда. Атап айтсақ, облыс, аудан, қала әкімдері сайлауының өтуі, Қазақстан Республикасында азаматтық қоғамды дамытудың 2006-2011 жылдарға арналған Тұжырымдамасының әзірленіп, Президент Жарлығымен бекітілуі, Қазақстан Республикасы Үкіметі ел Парламентінің қарауына ұсынған «Қазақстан Республикасындағы жергілікті өзін-өзі басқару туралы» заң және т.б. Парламентке Қазақстан Халықтары Ассамблеясынан ұсынылғандар үшін квота бөлу, Конституциялық Кеңесті, Орталық **сайлау комиссиясын**, Есеп комитетін құру Парламенттің рөлін арттырды. **Премьер-Министр** өз қызметіне кіріспес бұрын парламенттік көпшіліктегі партияның қолдауына ие болуына қол жеткізілді. Биліктің өкілеттік тармағы қызметінде партиялардың ықпалын күшейту және саяси партиялардың қызметін республикалық бюджеттен **қаржыландыру мәселесі шешілді.**

«Нұр Отан» партиясының 12 съезі әлемдік дағдарыстан шығу жолында атқарылатын жаңа іс шараларды белгілеп бергені **белгілі.** Экономикалық стратегиялық жобадан кеткен қателіктер жөнінде айтты. Елдің шикізатқа ғана тәуелді болып қалуы, ТМД бойынша көш ілгері саналып келген банк жүйесінің күйзеліске төтеп бере алмауы, ғылымның артта қалып қойғаны, **үкіметтің орта және шағын кәсіпкерлерге қолайлы жағдай жасай алмауы, осының бәрі үкіметтің салмақты жұмыс істемеуінен деп атал көрсетті Президент.**

Қазақстан Президенті Нұрсұлтан Назарбаев өзі басшылық ететін «Нұр Отан» партиясының алдына XII съезде төрт міндет қойды. Алдымен ол Парламенттегі басым орынды алып отырған партияның интеллектуалдық әлеуетін арттыруға баса назар аударды. «Партия мемлекеттік зияткерлік күшті біріктіруі тиіс. Ал партияның орталық аппараты «ми орталығына» айналып, Президент пен Үкіметке және Парламентке тың идеялар беретін органның рөлін атқаруы керек». Осы орайда ол партия жанынан Инновациялық идеялар комитетін құруды тапсырды. Мұндай жағдайда партия қатарына жаңашыл, ойшыл азаматтардың келгені абзал. «Саннан гөрі сапа бірінші орынға шыққаны дұрыс», – деді Президент. Қазір Парламент жұмысын одан әрі демократияландыру актуальды мәселе болып отыр.

Екіншіден, мемлекет басшысы партиялық органның жұмысын жүйелі өзгертуді тапсырды. Ол үшін партияның 2020 жылға дейінгі жаңа бағдарламасы әзірленуі керек. Сондай-ақ партияның ішкі тәртібін нығайтып, демократиялық тәртіп негізінде партиялық бақылауды күшейтуге шақырды.

Үшіншіден, ең бастысы – партия халықтың проблемасына көңіл бөлу керектігін атап өтті Нұрсұлтан Назарбаев. «Бұл жұрттың партияға сенім артатынын көрсетеді» деді Мемлекет басшысы.

Төртіншіден, сондай-ақ билік партиясы өз алдына қойған мақсатына жету үшін жаңашыл болуы керек. Мемлекет басшысы «Нұр Отанның» «саяси бәсекеде, өмірді жақсартуға барынша қабілетті болып», «көпшілік қолдайтын ел сеніміне лайық болуға міндетті» деп атап көрсетті. Осының бәрі елді, ең алдымен билікті, демократияландыру ісінен аулақ нәрсе емес. Халықтың тұрмысын жақсарту үшін білім мен ғылымды жетік меңгерген, ізденімпаз, сауатты және тәрбиелі жастардың ғана қолынан келеді. Сондықтан саясаттануды оқыту барысында жастарға демократиялық негізде сапалы білім мен саналы тәрбие беруге күш салу қажет.

«Нұр Отан» партиясына, кейбіреулер «бір адам басқаратын партия» деп мін таққысы келеді. Бірақ басқаратын адамсыз партия болмайтынын еске алған жөн. Әрине, Президент Н.Ә. Назарбаевтың «Нұр Отан» партиясын басқарудағы ролі өте үлкен екені рас. Сонымен қатар «Нұр Отан» партиясының беделі оның қатарындағы көптеген саналы, білікті азаматтардың еңбектеріне және демократияшыл тәртіптеріне байланысты. Бұл жағынан еш кемшілік жоқ деуге де болмайды.

Қазіргі кезде қоғамға демократияның жалған түрлерін енгізуге құштарлар да жоқ емес. Ондайлардың ұстанымы: «либерализм болсын, бірақ демократия болмасын» дегенге саяды. Осы ретте «Самрук Қазна» күмән тұдырды. Ол 106 баптан тұратын 16 нормативті-құқықтық жоба дайындаған. Мақсаты: биліктің, кәсіпкерліктің және қоғамның қарым-қатынасын реттеу. Бірақ бұл баспасөзде сынға ұшырады. В.Ковтуновскийдің пікірінше, бұл бағдарламаның азаматтық қоғамды, яғни демократияны дамыта алуы күмәнді. Бұл өзі «етсіз қолбаса» деген сияқты нәрсе, дейді ол [3]. Шындығында қазіргі кезде кейбіреулер, «либералдық бағыт болса болды, демократия өзінен өзі қалыптасып кетеді», – дейді. Жоғарыдағы аталған

бағдарлама соның керін келтірмесе болғаны. Оқыту процесінде осының бәрі еске алынбаса болмайды.

Дәл қазіргі кезең Қазақстан алдында демократияландыру ісін одан әрі дамыту міндетін қойып отыр. Бұл ретте нақты істер атқарылуда. Елбасы Н.Назарбаевтың бастамасымен қаржылық дағдарыс ауыртпалықтарын жеңілдету үшін айтарлықтай шаралар жүзеге асырылуда. Білім саласында үздік және жақсы оқып жүрген студент-жастарды материалдық қолдау мақсатында мыңдаған мемлекеттік білім гранттары мен кредиттер берілді. Бұл, әрине, студенттердің білімге деген құштарлығын, Отанға патриоттық, демократиялық сезімін арттыруға көмектеседі. Басты мәселе – білім сапасын көтеру, ғылымды демократияшыл бағытқа қайта келтіру. Осы жолда ұтылыс жағымыз туралы да айтқан жөн. Ол Батысқа көзсіз еліктеушілік. Соның салдарынан мәдениет туындыларында, руханият пен адамгершілік ұлттық құндылықтар азайып барады. Тек құлқын қамынан аспайтын өнімдер көп. Өкінішке қарай, біздің елдің масс-мәдениетінің көп бөлігін құрап отырған дәл осы АҚШ өнімдері. Күндіз-түні, қай арнаны қоссаңыз да, атыс-шабыс. порнографиялық көріністер, жартылай жалаңаш әншілер мен бишілер. Одан қалса, қыз-келіншектерге ермек болған тәрбиелік мәні төмен өмір телехикаялары. Жастар не айтылғанын түсінбесе де, шетелдің музыкасына жын соққандай билеп, бар бос уақытын босқа кетіреді. Осының бәрін демократияның көрінісі дейтіндер көбейіп барады. Сондықтан телеарналардағы бұл мәселеге мемлекет тарапынан реттейтін шаралар, тіпті заңдар, қажет.

Саясаттануды оқытуда мынаны ұмытуға болмайды. Демократия деген көппен жүріп адасу емес, ол алысып-жұлысу да емес, ол мәдени. демократиялық заңдылықтардың жүзеге асуы. Адам өне бойы көптің жетегінде жүре алмайды. Әрқашан көптің пікірі жөн бола бермейді. Абай көпті топ, тобыр, дүрмек деп босқа сынамаған. Өткен жылдардағы қайта құру қозғалысы әкелген демократия, жариялылық жөніндегі лепірме сөздер, ұрандар, бет алдына айтылған сындар өмірімізде келенсіз құбылыстар тұғызды: адамгершілік, ар-ұят, өмірлік мұраттар күйрей бастады. Жекешілдік желеуі адамдар арасындағы ортақ мүдделерге нұқсан келтірді. Әркім демократия осы деп өз бетімен жүруге тырысты. Қылмыстың сорақы түрлері етек жайды.

Енді шын мәніндегі демократияға бет бұру кезеңі басталды. Ол әлі де болса көп жұмыс атқаруды қажет етеді. Президент Н.Ә. Назарбаев қазір Қазақстанның ЕҚЫҰ-ға төрағалық ету барысында соған күш салуда. Мысалы, Парламент құрамын, тіл, білім және ғылым салаларын демократиялық бағытқа бұру және т.б. мәселелер. Ол парламент құрамын кемінде екі партиядан жасақтау қажеттігін айтумен келеді. Оның жүзеге асатынына көміл сенуге болады. Оған қоса осы айтылғандардың кейбіреуіне өз көзқарасымызды білдіре кетсек, артықтық етпес.

Президент Н.Ә. Назарбаев ұлттық демократия мәселесіне байланысты казак тілі – казактың болашағы деп атап көрсеткені мәлім. Олай болса, біз демократия деген осы деп шет тілмен шектеліп қалмайтын бағыт ұстануымыз

керек. Бізде, жасыратыны жоқ, өзі қазақ бола тура көптеген қызметкерлеріміз ана тілін білмейді, білсе шала біледі. Бұл да қатты көңіл бөлетін мәселе. Айта кету керек, көп тілді білген жақсы. Бірақ ол өз тілімізді ысырып тастау емес. Мемлекеттік тілді білмеу, игермеу, біздіңше, үлкен қауіп. Президент Қазақстан халқы ХҮ-сессиясында осы және басқа мәселелер бойынша жаңа бағыт-бағдар мен тын ұсыныстарды жүзеге асыру міндетін қойды. Мысалы, мемлекеттік тілдің – халық бірлігінің негізгі факторы екендігін баса айтты. «Мемлекеттік тілді дамыту, оны әзірше білмейтіндерді кемсітуге апарып соқпауы қажет. Біздің азаматтардың Конституциялық құқықтарын бұзуға жол берілмейді. Қазақ тілін орыс тіліне қарсы қою қате, ...«Қазақстанда тұрып жатқан барлық жастардың ана тілінің, төл мәдени мұрасының және салт-дәстүрлерінің еркін дамуы үшін бұдан былай да барлық жағдайды жасайтын боламыз», [4] - деп демократиялық тұжырым жасады Президент. Сонымен қатар жастарды жалған діндердің ықпалынан қорғау мақсатында «Дін істері жөніндегі агенттік» құру, Ассамблея жанынан «Ақсақалдар алқасын» құру, оқу орындарында «Толеранттылық негізі» атты курс енгізу, патриотизмді белсенді түрде насихаттау, қажеттігін ұсынды. «Қазақстанның ұлттық бірлігінің доктринасы» концепциясын дайындау үстіндеміз. Бірақ, айта кету керек, «Ел бірлігі» доктринасының жобасы, көздегені белгілі дәрежеде игілікті болғанымен, дау-дамайға ұласты. Тұрасында демократия, еркіндік деген осы деп, мемлекет құрып отырған қазақ ұлтының есесінен өзгелерді есіртіп, тайраңдатып қоюға болмайды.

Демократиялық негізде оқыту, білім беру жөнінде тағы да айтатын болсақ, 2009 жылғы қыркүйек айында Қазақстан Болон процесін жүзеге асыру мақсатында университеттердің ұлы хартиясына қол қойып, оның біраз талаптарын орындауды, міндетіне алды [5]. Мәселен, хартияға қол қоя отырып, университет жоғары оқу орындарының автономиясын дамытуды, басқарудың демократиялық принциптерін, студенттердің академиялық еркіндігін, ғылыми зерттеулердегі бостандықты, әсіресе академиялық еркіндікті. Бұл жүйеде шәкірт ұстазды да, өзі оқығысы келетін пәнді де тандай алады. Бірақ бұл тамаша жүйені жүзеге асыру үшін біраз дайындық керек екені белгілі. Сондықтан оны бірте-бірте енгізуді ойластырған жөн. Еуропалық жүйені елімізге көшіріп алғанның және демократияның жөні осы екен деп асығыстыққа барудың қажеті шамалы.

Қорытып айтқанда Президент Н.Ә.Назарбаев айтқандай, демократияландыру ісінде ел ерекшелігін ескермесе болмайды. Сондықтан билік саласын демократияландыру барысындағы осындай *қол жеткен жетістіктерді* және орын алып отырған кемшіліктерді саясаттану пәнін оқытуда еске алу әдісін пайдалану керек.

Пайдаланылған әдебиеттер:

1. Назарбаев Н.Ә. «*Жаңа онжылдық – жаңа экономикалық өрлеу – Қазақстанның жаңа мүмкіндіктері*» Қазақстан Халқына Жолдауы. // Егемен Қазақстан. – 2010. – 30 қантар.
2. Назарбаев Н.Ә. «*Қазақстан экономикалық, әлеуметтік және саяси*

жедел жаңару жолында» Қазақстан Халқына Жолдауы. // Егемен Қазақстан. – 2005. –19 атқан.

3. Қараңыз // Свобода слова. – 2009. - 20 августа.

4. Назарбаев Н.Ә. Тілді білу үшін оған өзінің жан жүрегіңді айқара ашуың керек. // Айқын. – 2009. - 27 қазан.

5. Сәкен С. Хартияға қол қоюға құмарттық. // Алаш айнасы. – 2009. - 24 сентябрь.

Резюме

В статье исследованы методические проблемы обучения курса демократии в процессе преподавания политологии.

Summary

Some methods of teaching the New methods and teachings in teaching the course of democracy in the aspect of Politology, are also observed in this article.

ҚАЗАҚСТАНДЫҚ САЙЛАУ ЖҮЙЕСІНДЕГІ ӘЙЕЛДЕРДІҢ ОРНЫ

И.С.Өсімбаева –

оқытушы, Абай атындағы ҚазҰПУ

Қазақстандық сайлау басқа дамыған демократиялық елдердегі сайлаумен салыстырғанда, ұлттық өзгешелігімен ерекшеленеді. Атап айтқанда:

Біріншіден, заманауи жағдайда сайлау шарттары өзгерді, олар барлық саяси партиялар мен әлеуметтік топтарға анағұрлым ашық болды. Алайда оларды мұндай деп тек кейбір ескертпелермен атауға болады.

Екіншіден, кеңес одағы кезіндегі әлеуметтік және демографиялық топтарға арналған квоталар біртіндеп алып тасталынды.

Үшіншіден, өзгермелі кезеңде сайлау өзгеріп келе жатқан заңдар негізінде өткен болатын.

Қазіргі таңда елімізде әйелдердің саяси іс-қайраткерлікке қатысуларына кедергі болатын заң шектеулері жоқ, алайда, атқарушы билік органдарында және жоғары заң шығарушы орган болып есептелетін парламентте әйелдер өкілдерін ұдайы төмендету процесі орын алған. Қазіргі уақытта шешім қабылдау деңгейіндегі отандық заңнама әдетте формалды түрді гендерлік мәселелерге бейтарап болып келеді; бірақ бұл мәселелерге сезімтал емес, яғни бір заңның жоғары лауазымдарға үміткерлер мен кандидаттар ретінде ер адамға да әйел адамға да бірегей әсер ететінін айырмасын сезінбейді, ал қазақстандық сайлау жүйесінде саяси партияларды әйел адамдарды тағайындамалы мемлекеттік лауазымдарға тартуға итермелейтін шаралар ескерілмеген.

Статистикалық мәліметтер ҚР парламентінің екі бірдей палатасындағы

әйелдер өкілдігіндегі өзгерістерді ғана көрсетеді. 2004 жылдың аяғындағы ер адамдар мен әйелдердің үлесі: сенатта – ер адамдар – 92%, әйелдер – 8%, елдің мәжілісінде – ер адамдар – 89,6%, әйелдер – 10,4% (Қазақстанның әйелдері мен ерлері. Гендерлік статистика. – Алматы: ҚР статистика агенттігі, 2004).

Статистика бойынша ҚР агенттігінің мәліметтері бойынша, 2003 жылы сенаттың 39 депутаттары арасында тек қана 3 әйел адам болған.

Мәжілістегі көрініс осыған іспеттес. 1999 ж. қазан айындағы сайлауда Мәжіліске дауысқа түскен 500 кандидаттың арасында тек 89 әйел адам болған. Сайлау нәтижесінде әйелдер 77 мандат ішінен тек 8 алған, яғни Мәжілістің 10,4% ғана құраған. 2004 ж. қыркүйек айындағы сайлауда депутатқа 623 үміткерлер тіркелген, оның ішінде 106-сы әйел адам. Сол 106 әйел адамнан тек қана 9 ҚР парламент Мәжілісіне сайланды, бұл барлық депутаттардың 11,7% құрайды. Нәтижесінде бұл тізімнен өз лауазымында қалуға ниет білдірген бір әйел шегерілді. Осылайша, ҚР парламент Мәжілісінде 8 әйел адам қалған (барлық депутаттардың 10,4%) /1/.

Мәслихатта әйел өкілдігінің үлесі көбірек болғанымен салыстырмалы түрде аз. 2003 жылы мәслихаттың депутаттарының арасындағы ер адам мен әйелдердің үлесі келесідей: ер адамдар – 83%, әйелдер – 17% (Қазақстанның әйелдері мен ерлері. Гендерлік статистика. – Алматы: ҚР статистика агенттігі, 2004). Жалпы республика бойынша 2003 жылы осы деңгейдегі депутаттар арасындағы әйелдердің үлесі 17% ғана құрады.

2006 жылы «Қазақстан Республикасының сайлау туралы» Қазақстан Республикасының Конституциялық заңына сәйкес мәслихат депутатының өз лауазымын мерзімінен бұрын босатқан, оны мандатынан айырған, немесе оның өліміне байланысты жағдайларда босаған орынға мәслихат депутаттарын сайлау жүргізді. Нәтижесінде 2006 жылы мәслихат депутаттарының арасындағы әйелдер мен ерлердің үлесі келесідей көрініс тапқан: 151 ер адамдар (84,8%), 27 әйел адамдар (15,2%) /2/.

Қазақстан Республикасы Парламентінің Мәжілісінің IV сайланымында әйелдер өкілдігі алдыңғы жиналыспен салыстырғанда 2 мәрте 8 адамнан 17 адамға дейін өсіп, 15,9% құрады. Қазақстан Республикасы Парламентінің Сенаты құрамындағы 37 сенаторлардың ішіне тек 2 әйел адам ғана кірген, яғни 5,4%. Мәслихатқа 599 әйел сайланды, бұл жалпы барлығының 17% құрайды. Олардың 11% республикалық маңызы бар қалалар мен облыстар мәслихатына сайланды /3/.

«Қазақстан Республикасының сайлау туралы» Қазақстан Республикасының Конституциялық заңының 101 бабының 4 тармағына сәйкес 2009 жылы 25 қазан айында республиканың 13 аймағында орынды босатқандардың орнына бір уақытта 55 сайлау округінде мәслихат депутаттарын сайлау жүргізілді. Мәслихаттың депутаттарына сайланған барлық 55 адам «Нұр Отан» ХДП мүшелері. Олардың құрамына 47 (85,5%) ер адам, 8 (14,5%) әйел адам кірді /4/.

Берілген мәліметтерге сүйене отырып, Қазақстан Республикасы парламентінің жеті Комитетінің төртеуінде әйел адамдар төрайымдық

еткенін айта аламыз.

Қазіргі күні шешім қабылдау деңгейіндегі әйелдер өкілдігі көрінісі төмендегідей.

Қазақстан әйелдері көбінесе жауапты шешімдер қабылдауды қарастырмайтын лауазымдардан орын алады. Биліктің гендерлік пирамида-сында әйелдер тек төменгі және ортаңғы деңгейлерде орналасқан, бірақ шешімдер қабылдау деңгейіндегі жоғары лауазымдардан көрінбейді. Мемлекеттік билік органдарындағы мемлекеттік лауазымға ие қызметкерлердің жалпы санының 59% әйелдер құраса, 41% ер адамдар құрайды. Еліміздің үкімет құрамында – 1 әйел. Тұңғыш рет Қазақстан Республикасы Премьер-Министрі Кеңесі Басшысының орынбасары болып әйел адам тағайындалды. Кеңсенің құрылымдық бөлімшелерін басқаратын және министрлердің орынбасарлары, министрлік немесе басқа мемлекеттік органдарының жауапты хатшылары болып табылатын әйелдер саны ұлғайды. Қала немесе облыс әкімі болып табылатын әйел адам жоқ, тек 4 әйел ғана облыс, ал екеуі аудан әкімдерінің орынбасарлары, бұл 1% құрайды. Аудан әкім орынбасарлары арасында 16,9%, ауылдық және кент округ әкімдерінің арасында 11,6% әйел адамдар. Аймақтық мемлекеттік органдардың 19,9% және кәсіпорындар мен ұйымдардың 28,3% әйел адамдармен басқарылады /5/.

Аталған сандар жалпы орташа әлемдік стандарттарға сәйкес келеді, алайда бұл лауазымдардың жұмыс ерекшелігі «әйелдік мінез-құлыққа» ие болатын; одан маңыздырақ қызметтерде мысалы үшін қаржыландырумен байланысты лауазымдарда әйел адамдар орын алмаған.

Қазақстандық демократияны қалыптастыру ретіндегі гендерлік дискурстың өзгеру мән-мәтініндегі 2007 жылдың сайлау науқанындағы әйел-кандидаттар қатысуы өткен сайлаулармен салыстырғанда қаншалықты өзгеріске ұшырағандығына талдау жасап көрейік. Кандидаттар тізімін қарастыру кезінде гендерлік үйлесімдіктегі өзгерістер айқын байқалады (әйел мен ерлер кандидаттарының өкілдігі).

Расында да, 1999 жылы енгізілген конституциялық өзгерістерге сәйкес саяси партиялар пропорционалды өкілеттігі негізінде жасалған партиялық тізім бойынша Парламентке сайлануға мүмкіндік алған, аралас үлгі бойынша Мәжілістің 2-ші сайланымына сайлау өткізілді, сайлауға 10 саяси партия қағысты. Бір мандатты округ бойынша 67 депутат және бірыңғай жалпы ұлттық округ бойынша партиядан 10 депутат сайланды. Оның 10,4% әйел адамдар.

Мәжілістің 3-ші сайланымына сайлау 2004 жылдың қыркүйек айында өтті. Бұл сайлауға 12 саяси партиялар, оның ішінде 4 екі сайлау блогының құрамында қатысты, бір мандатты аймақтық сайлау округтері бойынша 67 депутат, бірінғай жалпы ұлттық сайлау округінің аймағы бойынша және пропорционалды өкілдік жүйесі бойынша партиялық тізім негізінде 10 депутат сайланды, өзін-өздері ұсынған – 18 депутат. Олардың 10,4% әйелдер құрайды.

2007 жылы Қазақстан Республикасының Президенті жанындағы отбасы істері және гендерлік саясат жөніндегі Ұлттық комиссиясымен сайлау

органдары мен басқарушы қызметтерге үміткерлерді ұсыну үшін партиялық тізімдерді қалыптастыру кезіндегі гендерлік теңдіктің сақталуы жөнінде саяси партиялармен үлкен жұмыстар жүргізілді. Парламент Мәжілісіне кезектен тыс сайлау және Қазақстан Республикасы мәслихатына кезекті сайлау қарсаңында Ұлттық комиссия мүшелері саяси партиялар мен Қазақстан халқының Ассамблеясының мүшелері мен басшыларына Ашық хат жариялады. Еліміздің барлық аймақтарынан 35 үкіметтік емес ұйымдардан тұратын әйелдердің көшбасшылық мектебінің Республикалық желілері құрылды. Жүргізілген жұмыс нәтижесінде партиялық тізімде әйел саны Қазақстан Республикасы Парламент Мәжілісінің III сайланымына қарағанда 30 пайызға еселенгендігін атап өту қажет, әйелдермен басқарылып отырған партиялардың ішінен «Руханият» партиясы сайлауға өтті.

Әйел-үміткерлер санының екі есе ұлғайғандығы, қазақстандық саясат саласында әйел адамдардың саясатқа қатысу формаларында және саясатта әйел адамның қажеттілігінің орындылығы жөніндегі мәселелерге деген көзқараста едәуір өзгерістер болғандығын көрсетеді.

Шынында осы парламенттік сайлау қазақстандық әйелдердің саясаттағы гендерлік теңсіздікке қарсы күрестері кезеңіне белгілі бір сипат берді. Жаңа мыңжылдықтың басында (19-21 қаңтар) Женевада әйелдер жағдайы жөніндегі IV Әлемдік конвенциясының шешімдерінің орындалуы бағалауға арналған «Лекин+5» бағдарламасы бойынша БҰҰ Экономикалық комиссиясының еуропалық аймақтық жиналысының өткені бекер емес. Еуропалық жиналысқа әлемнің 52 елдерінің делегациялары мен үкіметтік емес ұйымдардың шамамен 40 жуық өкілдері қатысты. Олар гендерлік теңдік пен гендерлік симметрияға қол жеткізу жолында әйелдердің саясат пен басқарудағы істерінің алға басуындағы Еуропа, Скандинавия және Америка елдерінің жеткен жетістіктерін талқыға салды.

Бұл мән-мәтін Қазақстандағы парламенттік сайлаудан кейінгі қалыптасқан постэлекторалды жағдай Қазақстанның демократиялық мемлекет пен азаматтық қоғамға әлі қол жеткізбегендігін дәлелдейді.

Қазақстандағы парламенттік сайлауды талдай отырып, біз оның сайлауға тек саяси партиялардың қатысуын ұйғаратын, күшіне енген «Саяси партиялар туралы» заңға сәйкес өткендігін атап өтуіміз қажет. Өздеріне елдің парламентіндегі депутаттық орындарға ие болу міндетін қойған әйелдік ұйымдар болған жоқ.

Бұл бірнеше институционалдық, саяси, психологиялық және экономикалық секілді себептерге байланысты. Сайлау заңнамасының жаңа ережелері республикалық болсын, аймақтық деңгейдегі сайлау болсын оған қатысуға тек саяси партиялар мен блоктарға рұқсат берді. Парламенттік сайлауды алатын болсақ, онда әйелдер ұйымдарының бірі сайлау қарсаңында саяси партияға айналуы тиіс еді. Бірақ оның ешқайсысы да мұндай қадамға баруға баспады, себебі сайлау таласына қатысудың өзі үлкен қаржы шығындарын талап етеді. Тиісті әкімшілік қолдаудың болмауы біздің ойымызша, мұның тағы да бір себебі. Қазіргі кезде билік әйелдер ұйымдарын саяси емес, тек әлеуметтік процестегі акторлар ретінде қарастырады.

1999 жылы өткен сайлаумен салыстыра отырып, 2007 жылдың парламенттік сайлауын қорытындылай келе гендерлік сипаттағы үрдістерді белгілеуге болады. Біріншіден, депутаттық мандатқа қол жеткізген әйел саны 10,4% -дан 16%-ға дейін артты. Екіншіден, «үшінші секторды» қосқанда мемлекеттік «номенклатураға» еңбейтін әйелдер үшін «әлеуметтік көтерілу» мүмкіндіктерінің азаюы белгіленді.

Әлеуметтік-экономикалық өзгерістер кезеңінде биліктің заң шығарушы органы жұмыстарына әйелдердің қатысу үрдісі тек қана заң шығарушы емес, сондай-ақ биліктің атқарушы органдарына да тән болды. Көптеген басқару қызметі көшкен атқарушы билікте әйел өкілдігі айтарлықтай азайды.

1991 жылдан бастап Қазақстан Республикасының үкіметі сегіз рет ауысты, және де оның құрамына әйелдер кірсе де, небары 3 реттен аспайды. Мемлекеттік билік органдарындағы жыныс тәнділігі мен институционалдық өзгерістер сипаты арасындағы байланыстың болуы айқын байқалады.

Бұл Қазақстандағы барлық деңгейдегі билік органдарында қайталынып келе жатқан «гендерлік биліктік пирамида» заңының бар екендігін көрсетеді. Өкілдік билігінің гендерлік теңсіздігі өз кезегінде, қоғамды дамыту жөніндегі негізгі сұрақтар бойынша шешім қабылдауға, қазақстандық саяси жүйенің тиімділігі мен тұрақтылығына тікелей әсер етті. Заң шығарушы және атқарушы биліктері гендерлік теңсіздендірілген, және қазақстандық әйелдердің әлеуметтік қызығушылығын да, олардың ерекше әлеуметтік тәжірибесін де ескермейді.

Әйелдер қызығушылығын туғызатын сұрақтар саяси шешім қабылдау деңгейінде ұсынылған емес, осылайша әйелдер жалпы қоғамға қатысты әлеуметтік, экономикалық және саяси салалардағы маңызды шешімдер нәтижелеріне ықпалдарын тигізе алған жоқ.

Біздің ойымызша бірнеше факторлар, оның ішінде: әйелдерді саяси мансапқа дайындау үшін адамзат және қаржы ресурстарының болмауы, қоғамдық өмірге әйелдердің қатысуы және жыныс теңдігін қолдаудағы сайлау шенеуніктерінің әлсіз жауапкершілігі шешім қабылдаудағы әйелдердің қатысу деңгейін көтеруге бағытталған бастамашылық пен бағдарламаларды жүзеге асыруға мүмкіндік берген жоқ.

Мақаланы қорытындылай келе белгілі бір тәжірибе мен даму кезеңдерін ескере отырып, қазақстандық саясаттағы гендерлі өкілдік жетістіктерінің бірнеше кезеңін атап өте аламыз.

Бірінші кезең 1999 ж. Парламентке депутаттарды сайлаумен байланысты кезең. Бұл әйелдердің болашақтағы саясатқа араласу мүмкіндіктеріне сенім артатын үмітке толы уақыт еді. Бір жағынан әйелдерге депутаттық мандатқа ерлермен таласқа түсу оңай дүние еместігі айқындалды.

Екінші кезең – әйелдер қозғалысындағы сайлаудағы ауызбіршіліктің болмауы. Әйел депутаттар билік құрылымына өзге партиялар мен қоғамдық бірлестіктер арқылы келуде.

Үшінші кезең 2007 жылғы сайлаудан кейінгі заң шығарушы билік органдарындағы әйелдердің сәл де болса көбеюі, және әйелдерді атқарушы биліктің жоғары құрамынан ығыстырып тастауы, мұнымен қоса гендерлік

тендік мәселесінің атқарушы билік назарынан тыс қалуымен байланысты. Бұл қорытындылар қазіргі заманғы демократияға қол жеткізу жолындағы дұрыс белгі болып табылатын елдегі шын мәнісіндегі ерлер мен әйелдер арасындағы билік өкілеттігін қайта бөлу болмағанын анық көрсетеді. Сонымен қатар, бұл жағдай Қазақстандағы саяси жүйенің қалыптасу жылдарында мемлекет саяси институттарының тарапынан реттеуге келмейтін гендерлік асимметрия әсерін одан әрі күшейте түскен қазақстандық қоғамның артып келе жатқан саясаттандырылу аясында әйелдерді саяси кеңістіктен біртіндеп ығыстыру болып тұрғанын дәлелдейді.

1. *Участие женщин на уровне принятия решений в Республике Казахстан. Отчет ОБСЕ, декабрь 2004 г.*

2. *Выборы в маслихат 2006. http://election.kz/portal/page?_pageid=73,1364314&_dad=po...*

3. *Международный пакт о гражданских и политических правах. http://www2.ohchr.org/english/bodies/hrc/docs/AdvanceDocs/CCPR-C-KAZ1_ru.doc.*

4. *Кадровые перестановки - Номад, Казахстан. <http://www.nomad.su/?a=19-200910280335>*

5. *Международный пакт о гражданских и политических правах. http://www2.ohchr.org/english/bodies/hrc/docs/AdvanceDocs/CCPR-C-ZI_ru.doc*

Резюме

В статье автор рассматривается роль и место женщин в казахстанской избирательной системе и дает сравнительный анализ.

Summary

The author has looked the woman's role and place at the Kazakhstan looting system and gives the comparative analyze of it.

СРЕДСТВА МАССОВОЙ ИНФОРМАЦИИ В СИСТЕМЕ СОЦИАЛЬНО-ПОЛИТИЧЕСКОГО УПРАВЛЕНИЯ

С.В. Ашенова -

*ст. преподаватель кафедры журналистики
Павлодарского государственного университета им. С. Торайгырова*

Сегодня в развитии человечества наступил этап, который не имеет никаких аналогов. Человечество вошло в тот период видоизменения законов материи (связанных с планетой Земля), где уже просто неизбежен переход человека в качественно новое, принципиально иное состояние - во всех смыслах этого слова: физическом, психическом, социально-историческом. То, что называют «современной глобализацией», - лишь начало процесса трансформации Земли и человека /1/.

Эта грандиозная метаморфоза, конечно же, связана с очень серьезными и во многом непредсказуемыми последствиями. Люди, безусловно, продолжают свое развитие; но вопрос в том - какой ценой, насколько люди действительно сумеют к нужному времени изменить психические качества таким образом, чтобы они выдержали все происходящие процессы видоизменения информационного поля Земли. Ведь сейчас эти информационные характеристики нашей планеты меняются так, как не менялись никогда.

Поэтому человечеству необходимо радикальное самоизменение - изменение буквально во всем: в качествах внутреннего мира, в отношении со средой проживания и освоения, в характере удовлетворения потребностей и т.д. В первую очередь - в содержании и характере мировоззрения и, последовательно в изменении общественного мнения.

По Е.П.Прохорову, мировоззрение входит в структуру массового сознания, которая создается по аналогии с резерфордовой моделью атома и представляется как совокупность четырех взаимодействующих специфических компонентов: мировоззрение, миросозерцание, историческое сознание и общественное мнение. /2/

При этом роль «ядра» играют два взаимосвязанных, устойчивых, медленно изменяющихся компонента - мировоззрение и миросозерцание; вокруг него концентрируется система развивающихся исторических представлений; «внешнюю оболочку» «ядра» составляет подвижная, изменчивая сфера общественного мнения. Такое представление о структуре массового сознания хотя и носит несколько упрощенный и жестко фиксированный характер, помогает увидеть главное - структуру массового сознания как объекта журналистской деятельности/3/. В своей идеологической деятельности СМИ обращаются ко всем компонентам массового сознания, что легко проследить по материалам изданий и программ. Для изучения воздействия деятельности журналистики во взаимосвязи с различными тенденциями управленческих особенностей важно знакомство с каждым из них. А для того, чтобы определить насколько управление СМИ может быть связано с политическими интересами, и как это влияет, в свою очередь, на изменение общественно-политических взглядов социума наибольший интерес представляют такие компоненты как мировоззрение и общественное мнение.

Массовая коммуникация является источником и средством распространения информации, необходимой для функционирования ключевых социальных институтов, СМИ представляют собой источник образцов, определений и средство формирования образцов социальной реальности. При этом массовая коммуникация является важнейшим посредником, фактором эффективной деятельности на общественном поприще. Учитывая особенности политического контекста деятельности социальных институтов в рамках взаимодействия микро и макро уровней анализа, следует расценивать роль СМИ во взаимодействии с деятельностью сообщества. Такой анализ является необходимой предпосылкой для

эффективного ответа на вопрос о той роли, которую играет массовая коммуникация в современном мире. Анализ отношений предполагает ответы на вопросы влияния политических структур на осуществление информационной политики с одной стороны и вопросы об особенностях политического влияния медиа на различные группы электората. Материалы СМИ оказывают все большее влияние на формирование социального опыта людей во все большем масштабе. Современные средства массовой коммуникации предлагают аудитории материалы в широком жанрово-тематическом спектре. Не следует упускать из виду того обстоятельства, что эти материалы являются не механическим отражением происходящего, а определенными социальными конструктами». /4/ Можно изучать отдельные политические события, а потом обратиться к исследованию того, как они были отражены в медиа, но в современных условиях многие политические события изначально являются медиа-событиями, так как строятся с учетом того, как они будут отражены в материалах СМИ и какие цели при этом преследуются.

В теории журналистики как науки система функций и принципов рассматривается через призму взаимоотношений с массовой аудиторией, которая является не только объектом деятельности журналистики, но и той силой, которая включает механизмы развития журналистики в управленческом аспекте. Вполне естественно, что там где есть информация, всегда присутствует управление, так как средства массовой информации являются по сути социальным институтом, наделенным властными полномочиями и формами для их реализации. Таким образом, система властных отношений в обществе не только открыта для средств массовой информации, но является зачастую базой для их развития и деятельности. Благодаря теории массового общества по интерпретации ее представителей главным агентом его становления выступают именно средства массовой коммуникации, при этом обретая самостоятельность фактора распределения власти в обществе.

Создание и тиражирование образцов необходимой реальности становится практикой СМИ. Причем, отходя от контекста самого значения образа реальности можно утверждать, что подобные образцы рассматриваются через призму преобразований от того убеждения, которое создается, к тому, которое существует, с последующей его заменой. В этом случае СМИ выступают орудием для тех, кому необходимо создать с их помощью нужную для себя реальность и заменить ею образцы существующего в миропонимании сознания, так как медиаструктуры способствуют пониманию реальности и, зачастую, формируют наши представления о ней, оставаясь при этом посредником между реальностью и каждым из нас.

Централизованный контроль над СМИ в советский период вывел абсолютно особенный вид журналистики. При высочайшем профессионализме, деятельность медиainститутов оценивалась с точки зрения выполнения чисто идеологических функций, умудрившись

превратить прессу, радио и телевидение в идеологическое партийное оружие даже в тех сферах, которые, казалось, были далеки от политики. Как социальный институт определенной системы, в этот период журналистика строго выполняла поставленные задачи, необходимые для подтверждения легитимности существующего строя и в этом весьма преуспела. И в то же время, под пристальным взглядом партийных руководителей, журналистика развивалась как теоретическая наука, что не могло не сказаться на повышении журналистского мастерства с точки зрения развития таких понятий как эффективность и результативность.

На сегодняшний день при обретении государствами реальной независимости, также необходима эффективная идейная платформа и она требует независимости информационной. При все более растущем включении в глобальный информационный процесс, происходит расширение международной системы информации. И хотя это оказывает безусловно позитивное влияние на утверждение демократических принципов в государстве, но сама по себе информация, в частности, преподносимая независимыми СМИ, может нести определенный прессинг, попытки манипуляции сознанием общества, особенно когда это касается политических мнений.

Выход в подобной ситуации, по мнению Нурсултана Назарбаева, «в том, чтобы видеть за информационными сообщениями суть политических установок. Государство обязано регулировать информационный баланс. Это никоим образом не противоречит принципам открытого общества и позволяет в то же время серьезно подойти к достижению подлинной информационной независимости. При этом нашим средствам массовой информации необходимо учиться отстаивать интересы республики, создавать собственное информационное пространство на политической арене мира» /5/.

Следует отметить также, что подобный подход может дать ответ и на такой немаловажный вопрос, насколько средства массовой коммуникации могут и должны участвовать в поддержании существующего социального или политического порядка страны, так как хотя масс-медиа призваны решать определенные задачи в политической системе и обществе, в реальной жизни они достаточно самостоятельны, имеют собственные, часто расходящиеся с потребностями общества цели деятельности и используют для их достижения различные методы. По мнению Г.В. Голосова «в эпоху глобализации, которая широко распространяется на информационную деятельность, открывая огромные возможности для взаимовлияния культур народов мира и становления обществ открытого типа, массовое сознание в то же время способно подвергнуться унификации и суженому медийному отображению мира» /6/. Так как влияние на политику СМИ осуществляют, прежде всего, через воздействие на информационный процесс, что, в свою очередь, позволяет определенным образом формировать общественное мнение, то создание идейной платформы должно осуществляться через взаимовыгодную связь государственной политики и СМИ как социального института.

Если общество безоговорочно верит средствам массовой информации, что не всегда является реальностью, то оно будет ждать принятия решения именно от них, не утруждая себя мыслью, чье именно решение должно быть принято как единственно правильное и представленное как таковое на страницах печатных изданий, в формате радио и телевидения.

Последние годы ознаменованы бурно протекающими и неоднозначными процессами, которые получили название глобализации информационного пространства. Это явление связано, прежде всего, с новейшими достижениями в технике коммуникации и электронике. Практически мгновенное донесение информации до зрителей, слушателей и читателей позволяет сделать свидетелями и участниками событий миллионы людей. Причем мы станем невольными участниками событий, происходящих за тысячи верст от нас. В связи с этим встает вопрос — к каким социальным последствиям это может привести?

Уже сейчас компьютерные сети охватывают весь мир, и есть реальная возможность для пользователя получить нужную информацию выбранного вами агентства или источника из любой страны, из любой точки земного шара. Вторжение научно-технического прогресса в журналистику и издательское дело привело к необратимым последствиям, глубину и значение которых трудно переоценить. Широкое внедрение электронно-вычислительной техники, трансграничная передача данных, формирование глобальной компьютерной сети — все это и многое другое предопределяет новую технологию журналистского труда, новые тенденции сбора, анализа и распространения информации.

Поскольку доступ к информации в любой точке земли стал одинаково прост, то мировые новости начали дополняться в регионах новостями местными. Так возник феномен регионализации информации при наличии глобального информационного пространства. Этому способствует бум малой прессы, который стал возможен благодаря появлению лазерных печатающих устройств и настольных издательских систем.

Вместе с тем, на пути полного и всестороннего обеспечения свободы слова и свободы печати стоят преграды, вызванные современными политическими реалиями. В повестку научно-практических задач, в частности, встал вопрос о регулировании информационных потоков. Это регулирование в ряде случаев подменяется приданием информации определенного идеологического и политического характера, что происходит «всегда, когда высшим императивом является интерес не истины, а отдельных партийно-политических образований, государств, блоков и групп стран, интересы которых подаются как интерес якобы всего международного сообщества» /7/.

Основным в информационных технологиях является воздействие в пространстве принятия решений. Для потребителя информации создается определенная «картина мира», которая, разумеется, будет претендовать на объективность и единственно верную действительность. Потребитель должен будет воспользоваться этой картиной, при этом тем больше будет ее

значение, чем больше неопределенности во взглядах и мнениях людей, обратившихся к ней. Иногда информация буквально навязывается, делая свой вариант обязательным, этим, в частности, занимается пропаганда. А средства массовой информации работают как профессиональный механизм, который затрудняет принятие самостоятельных решений при построении собственной модели зрителем или читателем. Структура информационного пространства имеет весьма важное значение для решения самых разнообразных социальных задач, так как оперирование именно в этой области дает возможность создавать изменения в других областях.

Изменяя представляемую действительность в нужную сторону, мы получаем результаты в реальности, двигаясь от составляющего к конечному. В обществе с системной поддерживаемой идеологией на первое место может выйти художественная коммуникация, когда осуществляется переход от факта к правилу. Следует отметить, что подобная технология часто используется как политическая в тоталитарном обществе.

Когда творческий потенциал журналистики давал именно ту картину мира в идеологической системе, которая была необходима политической элите, а потребитель, лишенный возможности сравнивать и создавать собственные модели должен был принимать тот информационный коридор, в который его направляли. При информационно-политическом воздействии реальность переходит в виртуальность, в рамках которой начинает разворачиваться планируемое действие. Происходит это потому, что виртуальность более управляема, чем реальность и дает возможность усиливать нужные аспекты и ослаблять ненужные. Подобная управляемая виртуальность становится зачастую основной задачей достижения необходимых целей властных структур, политической элиты или классового сообщества.

Исследуя роль средств массовой информации во всех этих процессах, напрашивается вывод, что в данном случае мы имеем дело не с журналистикой, а с метажурналистикой, если возможен такой термин, не с коммуникацией, а с метакоммуникацией. СМИ осуществляют все свои типичные процессы, однако перед политехнологами стоят иные задачи, которые могут быть и неизвестны вовсе конкретному журналисту. То есть практически включается иная система, в рамках которой функционирует и журналистика, и журналисты/8/. В этом случае СМИ становятся одним из инструментариев социально-политического управления обществом.

Список литературы:

1. Белл Д. *Грядущее постиндустриальное общество. Опыт социального прогнозирования*. - М., 1999; Кастельс М. *Информационная эпоха: экономика, общество и культура*. - М., 2000. - 608 с.
2. Прохоров Е.П. *Введение в теорию журналистики*. - М., 1998. - С. 53.
3. Мильтон Дж. *О свободе печати История печати*. - М., 2001. - С. 40;
- Гоббс Т. *Избр. произведения. Т.1*. - М., 1964. - С. 536.
4. Засурский Я.Н. *Журналистика и политика*. - М.: МГУ, 1987. - 336 с.

5. Назарбаев Н.А. На пороге XXI века. - Алматы: Өнер, 1996.-288 с.
6. Голосов Г.В. Сравнительная политология. – Новосибирск: Издательство НГУ, 1995. – 206 с.
7. Вершинин М.С. Политическая коммуникация в информационном обществе. – СПб.: изд-во Михайлова В.А., 2001. - С. 109-110.
8. Почетцов Г.Г. Политические технологии в информационном пространстве.- М., 2001.

Түйін

Мақалада қоғамды басқарудың әлеуметтін-саяси факторлары және осы мәселедегі БАҚ рөлі қарастырылады.

Summary

In the article discuss social-political factors of social management and mass-media, consider is to find out the ways of using of mass-media.

ЖАҢАНДАСТЫРУҒА БАЙЛАНЫСТЫ ҚАЗАҚСТАНДАҒЫ ЖАҢА КӨЗҚАРАСТАР ЖӘНЕ ТӨЛ МӘДЕНИЕТІМІЗДІҢ ОРНЫ

Әлімхан Дархан -

Абай атындағы ҚазҰПУ-дың магистратура және PhD докторантура институтының 2курс магистранты

Тарихтың қойнауына кеткен Кеңес Одағы деп аталатын алып империяның құрамынан шығып, ұлттық мемлекетін енді-енді орнатып келе жатқан Қазақстан, «коммунистік романтизмнен» көз ашпастан күллі әлемді қоршаған жана колониализм немесе жаһандастыруға, тіпті болмаса экономикалық және мәдени империализмнің жаңа бір түрінің өтінен бірақ шықты. Халқымызды қатты толғандыратын тіл, дін, салт-дәстүр, мәдениет, жер, су және де осындай ірілі-ұсақты ұлтымыздың өзекті мәселелері толығымен шешімін таппай тұрған кезде жаһандастыру бізге ерсі көрінгені даусыз. Халқымыз бен ғалымдарымыз жаһандастыруды әртүрлі қабылдап, сан-түрлі түсініктемелер мен анықтамалар беруде.

Жоғарыда атап өткен жаһандастыруға байланысты көптеген пікірлердің басым көпшілігі осы ғаламдастырудың біздің ұлтымызға берері мен бізден аларына бағытталған. Біреулер жаһандастыруды – адамзаттын жарқын болашағы, бұдан Қазақстан шет қала алмайды, негізгі мәні ақпарат болып табылатын бұл ғасырда интеграцияланбай оқшаулану: экономикаға, саясатқа, мәдениетке, тілге, білімге, рухани адамгершілік дамуға, этносаралық және конфессияаралық қатынастарды шешуде кері әсерін тигізеді деп есептейді. Ғалымдардың келесі бір тобы жаһандастырудың салдарынан бұрындары аса зор, ешқандай мемлекеттің немесе өркениеттің құшағына сыймайтындай көрінетін алып әлем яки екі мыңға жуық тіл,

ғұрып, халық пен екі жүзден аса мемлекеттен тұратын ғаламат кен әлем бүгіндері «ғаламдық деревняға» айналды деп азарда-безер болып шырылдауда. Осыдан көкейге түйгеніміз жаһандастырудың әлемге беріп отырған өнімі – осы екі түрлі және қарама-қарсы пікірдің нақты дәлелі бола алады...

Әлемдік жаһандастырудың пайда болуы: Жаһандастыру деген ұғым ХХІ ғасырда пайда болды деуге сену қиындау, сонау алғашқы қауымдық кездің өзінде-ақ кейбір тайпаның көсемдері тек өз тайпасымен ғана шектелмей, өзге тайпаларды біріктіріп билеуді, сөйте-сөйте бүкіл ғаламды табындыруды көкседі. Жарты әлемді ат тұяғымен жаулаған Шыңғысханда, Александр Македонский, Наполеон Бонапарт, Ленин, Адольф Гитлер, Иосиф Сталин де жаһандастыруды мақсат тұтты деп ойлаймыз. Бірақ бұл тарихи тұлғалардың әлемді бағындырып, уысына ұстау мақсатына жету үшін әртүрлі жолды таңдады. Александр Македонский мен Шыңғысхан да заманының ағымына байланысты, атты әскермен ішкі тартысты тоқтату, халқының талабын орындау, сонымен қатар мәдениетін де және әлем билеушісі ретінде дүние жүзіне атын шығару үшін, соғыс пен жаугершілік жолына түсті. Біреулері өзгенің елін кантөгіспен жаулады, қалаларын өртеді, мәдениетін талқандады. Енді біреулері арийлік немесе фашистік идеологиямен әлемді улап өзіне бағындырғысы келсе, келесілері тоталитарлық жүйе құрып, бүкіл халықты темір торда ұстап, көзіне түскен күмәнді адамдардың барлығын дерлік репрессияның құрбаны қылып, тіпті өзінің портретіне шоқындырып немесе табындырып тастағанына қарт тарих куә. Басқалары коммунистік қиял туралы әдемі ертегі айтып өз мақсатына жеткісі келді. Жер бетіндегі қаншама билік иелері, қаншама төңкерісшілердің көбінің ойлары жаһандастыру немесе күштеп біріктіруге талпынғанын тарихтан оқып байқау қиын емес. Бірақ бүгінгі таңдағы жаһандастыру тарихтағы күштеп біріктіруден айырмашылығымен ғана емес алары мен берерінде ескергеніміз жөн...

Ал қазіргі жаһандастыру, ғаламдану, әлемдік ауқымдану (ағылшынша Global - әлемдік, дүниежүзілік, жалпы) - жаңа жалпы әлемдік саяси, экономикалық, мәдени және ақпараттық тұтастық құрылуының үрдісі. Ғаламдасу ұғымы, әлемдік өркениеттің аса маңызды өлшемдерінің жалпы адамзаттық өлшемге ие болуы деп түсіндіріледі [1].

Шет елдік ғалымдардың жаһандастыру туралы ойын білетін болсақ, ресейлік ғалым В.М. Межуевтің пікіріне құлақ түрсек: «Әлемдік қауымдастықты құрап отырған ұлттық мемлекеттер мен аймақтардың бір-біріне деген өзара тәуелділігінің артуы, олардың жалпыға ортақ экономикалық, саяси және мәдени ережелері бар бір жүйеге бірте-бірте тартылуы, интеграциялануы» [2].

Жаһандастыруды біраздан бері зерттеп жүрген Ресей ғалымы

М. Долягин былай дейді: «... Жаһандастырудың сипаттамасына мыналар жатады: ел-елдің арасындағы әкімшілік кедергі азая бастайды, аймақтық қаржылық рыноктар планетарлық тұрғыдан өзара қауымдасады,

күллі адамзаттың іс-әрекетін біріктіретін қаржылық-ақпараттық біртұтас кеңістік қалыптасады» [3].

Философия ғылымдарының докторы, профессор, ҚР ӨҒА академигі А. Тайжанов жаһандастыруға байланысты өз пікірін былай білдірген еді:

«Ғаламдық өзара тәуелділік және бүкіл әлемдік даму үрдісі ғаламдасуға алып келмей қоймайды. Бұл үрдіс трансұлттық экономика мен жалпы адамзаттық құндылықтарды қорғауға негізделген халықаралық ұйымдар жүйесі ықпалын күшейтеді. Ғаламдасу әлеуметтік феномен ретінде көп қырлы және көптеген құрамдас бөліктерді қамтиды. Негізінен, оны ұлттық және әлемдік шаруашылықтың техникалық және қаржылық жағынан дамуының нәтижесі деп есептейді. Әлеуметтік-мәдени өзгерістер, адамдар тұрмысының өзгеруі, адамзаттың қоршаған ортамен қарым-қатынасының күрделенуі де ғаламдасуға елеулі ықпал жасап отыр» [4].

Сонымен қатар, белгілі жазушы «ұлтым – неміс, жаным қазақ» дейтін Герольд Бельгерде жаһандастыруға байланысты өз пікірін білдіргенді: «Ғаламдасу – диалектикалық тұйық. Ғаламдаспаң, түптің түбінде ұлы көштен қалып қоятының хақ. Ғаламдассаң, бас еркіннен айырылып, біреудің биін билеп, әнін айтасың. Қысқасы, «былай тартсаң, өгіз өледі, былай тартсаң арба сынады»» [5].

Осылайша әлемдік жаһандастырудың, яғни глобализацияның нақтылы бір түйіні немесе пошымы әлде де болса жоқ. Экономистер, саясаткерлер, философтар, жазушылар, заңгерлер, мәдениеттанушылар мен әлеуметтанушыларда бұл терминді әр түрлі түсіндіруде. Бұл дегеніміз жаһандастырудың ықпалының механизмдерін жүйелі және терең түрде зерттеуіміз керек екенін аңғартады. Әсіресе, Қазақстан секілді жас мемлекетке тигізетін жағымды және жағымсыз әсерлерін саралау уақыт талабы сынайлы.

Мәселен жақтаушылардың пікірінше әлемдік жаһандастыру - біздің төл мәдениетімізбен қатар, әлеуметтік, саяси-экономикалық, дініміз бен философиялық астары бар бабалар сөзі сияқты, құнды дүниелерімізден пайда болған табыстарымызды немесе рухани жеткен жетістіктерімізді шекарадан асып, күллі әлемге таралуына мүмкіндік деп түсінеді. Шетелден келіп жатқан түрлі діндер мен мәдениеттер, ақпараттар мен ғұрыптар біздің мемлекетімізді нығайтып отыр және бізді жаңаша ойлауға жетелеуде деп топшылауда. Экономикалық тұрғыдан жылдамырақ даму, халықтың әл-ауқатының артуы, коммуникация мен жана технологиялардың іске асырылуы, шетелдік үздік модельдер немесе жобаларды елімізге пайдалану, жеке тұлғалардың әлемдік саяси сахнаға шығуы және тағыда басқада экономикалық жағдайлар болып табылады. Әлем халықтарының бір-бірімен еркін араласуына жағдай жасайды. БҰҰ, ЮНЕСКО, ЕҚЫҰ, ТМД сияқты халықаралық ұйымдар арқылы ғылым, білім, саясат, өнер саласындағы қарым-қатынасты да нығайтады. Бірақ ғаламдасудың мұндай жақсы жақтарымен қоса залалды жақтары да жоқ емес.

Экономика, саяси және мәдени жағынан дамыған елдер мен олардың корпорациялары дамушы елдерге үстемдік орнатуға жол ашылады. Мұндай

бір-біріне мүдделі тіпті байланып қалған қазіргі әлемдік экономика өте тұрақсыз екенін біз АҚШ банктерінің күйреуінен бастау алған бүгінгі таңдағы дағдарыстан білеміз. Әлемдік экономикалық тұтастанудың нәтижесінде – 1997-1999 жылдардағы Азия мен Ресейде, Латын Америкасындағы дағдарыстарды қосыңыз. Ғаламдасудың осындай экономикалық бірігуінің тағы бір кемшілігі, өте бай Солтүстік елдері мен өте кедей Оңтүстік елдердің арасындағы экономикалық алшақтық одан әрі тереңдей түседі. «Дүние жүзілік Банктің 1997 жылғы қорытынды есебінде мынандай мәліметтер келтірілген: Әлемдік жан санының 16 пайызын ғана құрайтын 26 дамыған мемлекет дүниежүзілік өндірістің 81 пайызын иемденген. Бұл елдерде адам басына шаққанда орташа табыс 22 мың доллардан асады. Әлем халқының 28 пайызын құрайтын орташа ауқатты 58 мемлекет болса, әлемдік өндірістің тек 5-ақ пайызына ие. Бұл елдерде орташа табыс 2,5 мың доллар. Ал әлемдік жансанының 56 пайызын құрайтын көпшілік дүниежүзілік ішкі өнімнің 16 пайызын ғана бөлісуде. Бұл елдерде орташа табыс – адам басына 430 доллар. Тікелей инвестициялар мен капитал айналымына қарағанымызда ақшаның бай мемлекеттердің арасында жүретінін байқау қиын емес. Соңғы 20 жылда дамыған мемлекеттер мен кедей мемлекеттер арасындағы қашықтық 3 есе артқан. Бұл деректердің барлығы да әлемдік экономикалық тұтастанудың бай һәм дамыған мемлекеттердің мүддесіне қызмет еткенін көрсетеді [6].

Осыдан байқағанымыз экономикалық жаһандастыруды қолдап отырған мемлекеттер, жаңа дамып келе жатқан немесе кедей елдерге берген жәрдемі – зекет пен садақаға ұқсатуға тура келеді. Мәселен жыл сайын жарияланатын Forbes журналының миллиардерлердің биылғы тізімі бойынша, әлемдегі ең бай адам – мексикалық телекоммуникация магнаты Карлос Слим. Оның қаржысы – 53,5 миллиард АҚШ доллары Microsoft корпорациясының қожасы Билл Гейтс 53 миллиард АҚШ долларымен екінші орында, американдық инвестор Уоррен Баффет 47 миллиард АҚШ долларымен үшінші орында. Міне осы үш адамның қаржысының өзі қайыршылық күйдегі біраз мемлекеттің халқын асырауға толығымен жетеді. Қазір АҚШ-та қарапайым жұмысшы ірі компания басқарушысының жалақысынан 300 есе кем айлық алады. Кедей және бай топтардың арасындағы алшақтық жыл өткен сайын қарқынын үдете түсуде. Біздің елімізде де бұрынғы «казактелеком» басшысымен қарапайым жұмысшысының айлығын салыстырудың да еш қисыны келмейтінінің ұмытпағанымыз жөн. Елбасымыз Нұрсұлтан Әбішұлы Назарбаевтың осы жаһандастыруға байланысты журналистерге берген бір сұхбатында:

– ... Еуразиялық қауымдастықтың белгілі бір тартылыс орталығына, бір полюсті дүниенің, келенсіз жақтары туралы қазір көп айтылып, көп жазылып жүрген ғаламдастырудың баламасына айналу мүмкіндігі бар деп болжауға бола ма? – деген журналистің сұрағына.

«– ...Егер ғаламдастырудың жетістіктері мен жемістерін жоғары дамыған елдердің шағын тобы ғана қызықтайтын болса, бұл сөзсіз қарама-қайшылыққа, адамзат бұған дейін бастан кешкен қактығыстар мен әлеуметтік

катаклизмдерден әлдеқайда қиын жағдайлардың туындауына соқтырады... Жер шары тұрғындарының шамамен үштен бірі ашқұрсақ тірлік кешетіні ешкімге құпия емес. Тағы 50%-ы ілдалдап күн кешуде. Демек адамзаттың 20%-ы қалған 80%-ының ресурстарын тұтынып жатқан болып шығады. Бұл ақылға сыйымды ма? [7].

Әлемдік мәдени жаһандастыру: Қазір әлемде рухсыздану (мәнгүрттену) үрдісі жүріп жатыр. Жаһандастыруға байланысты біздің елде де аз жылдың ішінде рухсыздану дерті терең тамырын жайды. Қарапайым кара домалақ қазақтың баласының бір қолынан кока-кола, келесі қолында гамбургер, данғаза шетелдік әуенді тындап бара жатқанын көріп қарнынның ашатыны даусыз. Бұл ұлттық қасиет, ұлттық ерекшеліктен бір жола айырылған рухани мүгедек адам ба, әлде жаһандастыру заманының өнімі ме? Мұның себебі тәуелсіздігімізді алған жылдардан бастап-ақ, төл мәдениетімізді аттап төрімізге батыс мәдениетінің шығуы. Сол жылдардан бастап біздің балаларымызды Батыстың немесе Американың режиссерлері тәрбиелеп келгендігінің нәтижесі. Кезінде Гитлерден Шығыстағы елдерді жаулап алу үшін қандай саясат қолдану керек деп сұраған. Сонда Гитлердің: «Оларға таң атқаннан, күн батқанша данғаза әуенді тындату керек. Сонда адамның ойлау қабілеті төмендейді. Кітап оқып, рухани құндылықтарға мән беруден қалады. Рухани таяз адам қашанда өзін бақытты сезінеді», - деген, қазіргі музыкасыз өмір сүре алмай қалған жастарымыз осы сөзден сабақ алса игі.

Тіл саласындағы жаһандастыру жөнінде де сөз қозғай кетсек. Әлемдік жаһандастырудың қарқын алуы және Американың дүниежүзін бір полжүсті билік жүйесіне икемдеуінің нәтижесінде ағылшын тілі бірегей халықаралық тіл сипатын алды десек, қате болмас. Әлемнің алдыңғы қатарлы бай тілдеріне жататын неміс, француз, орыс тілдерінің өзіне ағылшынның кірме сөздері көбейген. Ал жаһандастырудағы қазақ тілінің жағдайын көзге елестетудің өзі қиындау. Бұны жақында этномәдени бірлестіктердің халықаралық форумында қазақ тіліне байланысты ҚР Мәдениет министрі Мұхтар Құл-Мұхаммедтің сөзінен аңғаруымызға болады: «Еліміздегі телеарналардағы қазақ тілді бағдарламалардағы үлес салмағы 35 пайыздан аспайды. Бұл - өте ұятты көрсеткіш. Қазақстандағы байырғы ұлттың үлесі 65 пайызға жеткен тұста қазақ тілінің БАҚ-тағы салмағын арттыра алмадық.» Жаһандастырудың бұл қарқынын тежемейтін болсақ ғалымдардың болжамынша келешек ғасырда әлемдегі бүгінгі таңдағы 2 мың тілдің ішінен 50-і ғана сақталмақ екен. Ал бұл сұрыпталған 50 тілдің ішінде қазақ тілі болады ма, әлде жоқпа оны өзіңіз топшылай беріңіз...

Миграцияның өсуі де, ұлттар арасындағы діни конфессиялардың, сонымен қатар әлеуметтік таптардың арасындағы кайшылықтарды да күшейтеді. Жаһандастырудың кемшілігінің тағы бірі, әлемдегі мұсылман елдері мен христиан және мұсылман елдеріне қарсы үлкен блоктардың құрылуы болып табылады. Әлемдік мәдени тұтастанудың діни тұрғыдан қарағанда батыс мәдениетіне икемделгенін еліміздегі сол елдердің миссионерлерінің белсенді жұмыс істеуінен аңғаруға болады. Бұқаралық ақпарат құралдарына сүйенетін болсақ еліміздегі шоқынған қазақтың саны

жарты миллионнан асады екен. Ішінді қанжылатып, жүрегінді тырнайтын тағы бір дүние қазақты қазақ шоқындыра бастағаны. Ал шоқынған қазақтың отанының алдындағы борышын өтеу үшін әскерден ат тонын ала қашуы, мемлекеттің ішкі және сыртқы саясатына басын ауыртпай, заң, шекара, ұлт, ұлттық құндылықтар олар үшін құны көк тиын екенін біреу білсе біреу білмейді. Мысалға АҚШ миссионерлерінің 50 миллионға жуық халқы бар Корея тұрғындарын ширек ғасырдың өзінде 15 миллион кәрісті шоқындырғанын білеміз. Бұл көрсеткіш осыдан 20 жыл бұрын небәрі 1 миллиондай еді. Бес мың жылдық жазба тарихы сақталған Кореяның баржоғы 20-30 жылда шоқындырылуы бізге сабақ болуы тиіс. Сондықтан әлемдік жаһандастырудың осындай тұстарына дабыл қағып, сактанар уақыты жетті. Жоғарыдағы әлемдік экономикалық тепе-теңдіктің жоқтығының алдын алу үшін тағы да Елбасымыз Нұрсұлтан Әбішұлы Назарбаевтың журналистерге берген сұхбатына жүгінеміз: «... Мен кезінде БҰҰ жанынан әлемнің барлық – бай, дамушы, кедей мемлекеттері үшін ғаламдастырудың мүмкін болатын салдарын зерттейтін ғылыми-зерттеу орталығы секілді бірдеме құруды ұсынғанмын. Істің жайы одан әрі қалай болар екен? Бұл сұраққа ешкім жауап беретін емес. Сондықтан да БҰҰ шартты түрде айтқанда, қиянатқа ұшыраған барлық елдердің мүдделерін барынша ескеретіндей ғаламдастыру моделін талдап жасауға кірісе алар еді» [7].

Бұл экономикалық проблема, ал Қазақстанның дәстүрлі мәдениеті сырттан келетін түрлі мәдени ағымдарға төтеп бере алатындай дәрежеде болуы үшін мынадай жағдайларды да ескергеніміз дұрыс. Қазір бізде бірінші орынға экономиканы қойып, адами, рухани құндылықтарды екінші қатарға ысырып тастады. Менім пікірімше экономиканы жасайтын – адам. Ал адамның түйсігінде рухани дүние болмаса, ол қоғамға үлкен қауіп төндіреді. Сондықтан да рухани-парасаттылықты экономиканың алдына шығармасақта, соған жақындау саясат ұстануымыз қажет.

Бұл саясаттың бірінші көрінісі ретінде ұлттық ақпарат кеңістігін қалыптастыру және оны басқа мемлекеттердің идеологиялық тасқынынан қорғау болып табылады. ХХІ ғасыр ақпарат ғасыры болғандықтан еліміздегі ақпарат кеңістігінің 80-90 пайызын ұлттық ақпаратқа икемдеуіміз керек. Мемлекетіміздегі 1602 газет пен 6055 журналдың қазақ тіліндегі үлесі 18 пайыз ғана екен. Зерттеушілердің пікірінше, қазақстандық телехабарларды еліміздегі орыстілді азаматтардың 10-5 пайызы ғана көреді екен. Ал қалғандары шет елдік немесе Ресей телеарналарын қарайды. Бұдан шығатын қорытынды еліміздегі орыстілді азаматтардың қабағына қараудың еш қисыны жоқ, демек қазақ елінің телеарналарын тек ғана мемлекеттік тілге көшуіне кедергі жоқ деп болжауымызға болады. Тағы бір көңіл аударатын жәйт, бұқаралық ақпарат құралдарының толықтай қазақ тіліне көшуі мемлекеттік тілді үйренуге өзінің ықпалын тигізбей қоймайтынын да ескергеніміз жөн. Тілдер туралы заңдағы қазақ тіліндегі хабарлар 50 пайыздан кем болмауы керек деген заң. сөз немесе қағаз жүзіндегі емес, іс жүзінде іске асса бұл заңда біраз дүниенің басын қайыратын еді. Төл мәдениетімізді сақтаудың және бір жолы ұлттық мемлекеттік идеологияның

елімізде үстемдік құруы болып табылады. Ал осы ұлттық идеология қандай болуы керек және оған нелер жатады деген сұраққа жауап іздеп көрелік. Алғашқысы қоғамдық өмірдің барлық саласына жататын мемлекеттік тіл мәселесі. Мемлекеттік тілді тек заң жүзінде ғана іске асырып, дамыта алатынымызға тәуелсіздік алған жылдардан бүгінге дейінгі кеткен уақыт куә сияқты. «Мемлекеттік тіл туралы» заңды тез арада қабылдауымыз қажет. «Қазақ тілі міндетті, басқа тілдер қажеттілігіне қарай» деген принцип болуы шарт.

Біздегі дін мәселесінде де үлкен шешімін таппай тұрған проблемалар бар. Қазақ халқы ежелден ислам мәдениетінің нәрімен сусындап келеді. Бұл дегеніміз бізде тек таза мұсылмандық мәдениет қана өмір сүреді деген сөз емес. Бірақ бір ескертетін жәйт, қазір православия Ресейде қандай рөл атқарып отырса, ислам дінімізде Қазақстанда атқаратын рөлі дәл осындай болуы шарт. Біз ислам дінін жастарымызға үйретуден қорықпауымыз қажет. Бізге қорқынышты қылып көрсетуде, ал біз қорқатындай исламда адамзат баласына зиянды ешнәрсе жоқ. Мемлекетіміз зайырлы ел деп, исламдық фундаментализм пайда болады деп, дін ғылымдарын үйретумен және оны тереңнен талдап зерттеу жағы әлі де болса баяулау жүріп жатыр. Егер біз дінімізді қазір жастарымызға үйретпесек, оларға дінді үйрететін басқа топтар мен ұйымдар жетіп артылатынын ескергеніміз жөн-ақ. Міне бар гәп осы проблемаларда...

Қорыта айтқанда, әлемді жаһандастырудан қорқудың қажеті жоқ. Жоғарыда жаһандастырудың тиімді және зиянды жақтарын көрсетуге тырыстық. Жаһандастыру – тежеу немесе өзгерту мүмкін емес уақыт талабы болар. Қайткен күннің өзінде де біз өзімізге «Біз кімбіз? Қайдан келдік? Қайда беттеп барамыз?» деген сауалдарды жиі қою арқылы жаһандастырумен дамылсыз күресуіміз керек.

1. *Қазақстан ұлттық энциклопедиясы. – Алматы, 2001. – 3 том. – 610 б.*

2. *Межуев В.М. Проблема современности в контексте модернизации и глобализации. // Политика. – 2000. – №3. – 102 б.*

3. *Долягин М. Практика глобализации: игры и правила новой эпохи. – М., 2000. – 133-134 б.*

4. *Тайжанов А. Ғаламдасу: түркілік таным мен тағылым // Жалын. – 2007. – №8. – 10 б.*

5. *Бельгер Г. Ғаламдастырудың қазақ ұлты үшін қандай қаупі бар? // Жас Алаш. – 2002. – №80.*

6. *Бұлұтай М. Әлемдік тұтастанудан Қазақстан шет қала алмайды. // Жас Алаш. – 2002. – №58.*

7. *Назарбаев Н.Ә. Біз ғаламдастыруға бірлесіп қарсы тұра аламыз. // Ақиқат. – 2001. – №6. – 3-13 б.*

Резюме

В данной статье рассматриваются мировоззрения казахстанских и зарубежных ученых на проблемы глобализации. Также анализируются роль и актуальные проблемы национальных ценностей в эпоху глобализации.

Summary

In this article the author analysis the ideas and views of Kazakhstan and foreign scientists according to globalization. Also there given analysis of the role and actual problems of national values during the globalization process.

ҰЛТТЫҚ САНА - ЕЛДІҢ ДІНИ ТҮТАСТЫҒЫНДА

А.К. Қолбаев -

*Абай атындағы ҚазҰПУ «Халықаралық қатынастары»
кафедрасының аға оқытушысы*

Таяуда ғана Парламент төрінде “Діни сенім бостандығы мен діни бірлестіктер туралы” Заңға өзгерістер мен толықтырулар енгізу мәселесін бірқатар депутаттардың көтергені сол-ақ екен, бұл жайт қоғамда үлкен резонанс туғызып, ерекше назар тапқаны анық. Халықтың 16 жылдан бері күтіп отырғаны да осы онтайлы бастама екен. Бұл орайда кеше Алматыда бірқатар ұлт зиялылары мен қоғам қайраткерлері бас қосып, депутаттар бастамасына қолдау білдірді. Өйткені тарихтан белгілі тілі шұбарланып, діні неше алуан құбылса, ұлттың ыдырауы оп-онай. Бұл күндері қазақ халқы ата-бабалары сан ғасырлар армандаған ел тәуелсіздігіне қол жеткізген де осындай қиын сынақты бастан өткізу үстінде. Ата-бабаларынан мирас қалған елі мен ұлтының, дінінің біртұтастығын ойлап, қамын жеген азаматтарының жармақ құлағы жастыққа тимей, шырпыр болып, дабыл қаққан жанайқайын жүрегімізбен сезінеміз. Себебі, қазақтың Қазақстаннан өзге Отаны жоқ. Сондықтан елінің өркен жайып, гүлденуіне көзі ашық, көкірегі ояу әрбір қандасымыз қолынан келгенше үлес қосып, атсалысса, күш-қайраты мен білімін аямай жұмсаса қане?! Бұл үшін, әлбетте, жері мен халқының тұтастығы, сенім-наным бірлігінің мән-маңызы айрықша. Бұл күндері зайырлылық дегенді бетке ұстап, бұған дейін естіп білмеген сендей соғылысқан секталар мен ағымдардың илеуіне сыңайлымыз.

Сонау 1992 жылдан бері бастап солқылдақтығы мен пәрменсіздігін аңғартып келе жатқан осы заңның қайта қаралуын дінтанушы, аудармашы Уақап Қыдырханұлы, дінтанушы Мұртаза Бұлұтай, “Ұлт тағдыры” қозғалысының мүшесі Болат Дүйсенбі, “Руханият” университетінің ректоры Мұрат Мыңбаев, “Ел мәдениеті” газетінің бас редакторы Асан Сарқұлов қолдаумен қатар, өз ұсыныстарын бұқараға жеткізіп отыр. Дінтанушы Мұртаза Бұлұтай: “Қазір Қазақстанда 49 конфессия мен 4000-нан астам діни

бірлестік тіркелген. Жалпы Қазақстанда діни ұйым ашудан оңай шаруа жоқ” дей келе, діни бірлестіктерді тіркеу мәселесіне оңтайлы өзгерістер қажеттігін баса айтты./1/ Ал Мұрат Мыңбаев: “Шетелде діни бірлестіктерді тіркеу оңай шаруа емес. Діни бірлестік ретінде тіркелу үшін Румынияда 20 мың дам, Чехияда 10 мың адам біріксе ғана ұйым құра алады. Ал Қазақстанда 10 адам бірігіп, діни ұйым құрып жатқан жәйттер аз емес”, - дейді. /2/ Діни-сенім бостандығына қатысты Мұртаза Бұлұтай ар-ождан бостандығы мен сенім бостандығының ара-жігін бөліп қарастыру қажеттігін айта келе: “Ешбір мемлекетте абсолютті, толық бостандығы жоқ. Әр мемлекетте белгілі бір шектеулер бар. Ол шектеулер – сол мемлекетте қалыптасқан діни ахуалды, қоғамдық тәртіпті қорғаумен қатар, отбасын, адамзатты және демократиялық, конституциялық құндылықтарды қолдау мақсатында жасалған. Сондықтан, осы жәйттерді жаңа өзгерістерде қамти алсақ жөн”, - деді. Сондай-ақ, дінтанушылар діни бірлестіктердің және дін саласында қызмет етіп жүрген заңды тұлғалардың қаржы-шаруашылық әрекеттерін бақылауды күшейту қажеттігін баса айтып отыр.

Құранды казак тілінде тәржімалаған дінтанушы ғалым Уақап Қыдырханұлы депутаттардың оңтайлы бастамасынан кейін кейбір ағым-секталардың артында тұрған халықаралық алпауыт ұйымдардың дау-дамай көтеретінін жоққа шығармайды. Есімізде, осыдан бірнеше жыл бұрын Діни сенім бостандығы туралы заңды қайта қарау мәселесі көтерілгенде, көптеген халықаралық ұйымдар ұлап-шулап, елімізге халықаралық деңгейде қысым жасауға талпынды. Тіптен солардың арқасында алғашында бұл бастама су сепкендей басылып та қалған еді. Бұл тұста Уақап Қыдырханұлы: “Халықаралық ұйымдар қанша айқалап, шуласа да, біз ұлттық қауіпсіздігімізді қорғап, сақтау жолындағы заңымызды күшейтуіміз керек. Бұл – біздің мемлекеттік құқымыз. Онда ешбір халықаралық ұйымның болмауы тиіс. Бұл – біздің ішкі ісіміз. Оған ешкімнің қол сұғып, сұғанақтық танытуына жол бермеуіміз керек”, - деді./3/

Ғалымдардың айтуына қарағанда, депутаттардың ұсынысы бойынша, діни ағымдар өз жарғыларында бүкіл діни ритуалдары мен салттары, философиялары мен діни дәстүрлерінің анықтамасы жайлы толыққанды мағлұмат беруі тиіс және сол шеңберде ғана жұмыс істеуі керек. Сол сияқты діни ғимаратты салмас бұрын сол жерде тұратын тұрғылықты халықтың келісімінің алынуы да талап етіліп отыр.

Естеріңізге сала кетсек, Діни сенім бостандығы туралы заңды қайта қарау мәселесін Сенат депутаттары Серік Байсейітұлы, Анатолий Башмаков, Мәжіліс депутаттары Берік Бекжанов, Нұртай Сабильянов, Асқар Бейсенбаев, Тито Сыздықов, Владимир Нехорошев пен Наталья Геллерт көтерген еді.

Соңғы оңжылдықтарда біз әлемнің екі үрдістің күресін көріп келеміз. Ол бір жағынан, қоғам алдында тұрған проблемаларды шешудегі дінаралық ыңтымақтастықтың жаңа деңгейі қалыптаса бастағандығы, екінші жағынан, осы ХХІ ғасырдың басында шиелініскен саяси, экономикалық және әлеуметтік қайшылықтар барған сайын діни тайталас түріне, экстремизм мен

ланкестіктің өсе түсуі үшін қолайлы ортаға айнала бастағанын да өкінішпен айта кетуге тура келеді. Бұған қарағанда, Қазақстан халқының 70% мұсылман халқы құрайтының ескере отырсақ, бізге бөлінбеуге, әр түрлі діни секталардың арттынан кетпей, өзіміздің діни біртұтастығымызды сақтаған да жөн болады. Себебі, тарихта Хазар мемлекеті осы дін саласына немқұрай қарағаннан, яғни діннің біртұтастығын сақтай алмаған кесірінен тарих сахнасынан мүлдем кетуге мәжбүр болды.

Экстремизмді және діни төзбеушілікпен теке тіресті елеулі жағдайда, ұлттардың рухани интеллектуальды өміріне ене бастаған жаһандану үдерістеріне өзінше сәйкессіз жауаптары деуге де болады. Сондықтан да, қазіргі кезде мемлекет пен діндердің өзара қарым-қатынасын нәзік саласы ерекше, әдепті көзқарасты талап етеді. Біздіңше, дін басшылары мен дін қызметкерлерінің бүгінгі міндеті – жан-жалдарды тыюға сөзбен де және іспен де жәрдем көрсету, адамдарды саналылыққа, ар-ожданға шақыру және моральдық кемшіліктерді сауықтыру болуға тиіс.

Мемлекеттің рөлі дегеніміз, біздіңше ең алдымен – діндерге қолайлы ахуал тудыру, діндер аралық үнқатысуды дамытуды көтермелеу деп білеміз.

Елімізде 1990 жылы 46 мұсылман діни бірлестіктері болса, қазір 2337 ислам бірлестіктері бар. Орыс православие шіркеуінің діни бірлестіктері 62 болса, қазір 281-ге, рим-католик діни бірлестіктері де тағы да басқа діни бірлестіктер көбейе түсті.

Осыдан 20 жыл бұрын мешітке жасы ұлғайған шағын ғана топ баратын болса, қазір мешітке келушілер саны жүздеп-мыңдап саналады және олар – жасы да, білімі де, әлеуметтік жағдайлары да сан алуан адамдар.

Дінімізге деген ынта-ықыластың артуының ас манызды себептерінің бірі – ұлттық құндылықтарға, соның ішінде діни құндылықтарға адамдарды көбірек жетелейтін ұлттық сананың өсуі мен нығаюы болып табылады.

Мемлекет те, Үкімет те елімізде діннің моральдық негіздерін тарату, дінді тану бағытында байсалды саясат жүргізуді көздейді және жүргізіп те келеді. Біз бүгін діндераралық үнқатысуды, діндер мен мемлекет арасындағы үндесуді дамытуды қолдап, әрі қарай жаңартудамыз.

2005 жылғы Үкіметтің қаулысымен жаңадан құрылған Әділет министрлігінің Діни істер комитеті де осымен айналысуда.

Конфессиялар арасындағы өзара түсіністік пен келісімді сақтау, азаматтардың діни сеніміне қарай жіктелуіне жол бермеу, діннің атын жамылып, еліміздің мемлекеттілігіне, конституциялық құрылымына қарсы әрекеттер жасамақшы түрлі ұйымдардың қызметін әшкерлеу – Діни істер комитетінің ерекше міндетті болып табылады.

2007 жылдың басында Әділет министрлігінде “Дін мәселелері жөніндегі ғылыми зерттеу және талдау орталығы” құрылды. Оталықтың негізгі міндеті – Қазақстандағы діни ахуалдың даму үрдістерін зерттеу мен талдауды ұйымдастыру, мемлекеттік органдардың, ұйымдар мен азаматтардың мемлекеттік-конфессиялық қатынастар саласындағы қызметін ақпараттық-талдамалық және ғылыми-әдіснамалық тұрғыдан қамтамасыз ету, дінтану сараптамасын жүргізу болып белгіленді. /4/

Бүгінгі таңда жергілікті атқарушы органдары, Діни істер комитеті өздерінің жұмыстарында еліміздегі миссионерлік қызметке ерекше назар аударуы керек. Қазақстанда дәстүрлі діндерден өзгеше наным-сенімдегі 1870 діни ұйым бар. Олардың қатарына 40 мыңнан астам адам тартылған./5/ Ең ірілері – “Саентология”, “Новая жизнь”, пресвитерлік корей ұйымдары. Оларда не болып, қандай уағыздар айтылып жатқан Діни басқарма да, жергілікті атқару органдары да көп біле бермейді. Бұлардың мемлекет пен азаматтарымыздың қауіпсіздігіне ешбір кеселі жоқ десек, қатты қателесеміз. Мысалы, 2007 жылдан бері осындай діни бірлестіктер мен секталардың 50 басшысы мен белсенді мүшесі қылмыстық және әкімшілік жауапкершілікке тартылды. Заңсыз миссионерлік қызметі үшін 13 шетел азаматы елден аластатылды. Бүгінгі күні бұл мәселенің парламентте көтеріліп жатқаны құптарлық іс. Прокуратура қызметкерлері “Экстремизмге қарсы әрекет туралы”, “Лаңкестікпен күрес туралы” заңдардың және халықаралық келісім-шарттардың қабылдануына белсене қатысып, елімізде лаңкестік пен экстремизммен күрестің құқықтық негізін жасауға атсалысып келеді.

Бас прокуратура 4 жылдың ішінде “Әл-Каида”, “Шығыс Түркістанның ислам партиясы”, “Күрт халық конгресі”, “Өзбекстанның ислам қозғалысы”, “Асбат-әл-Ансар”, “Мұсылман бауырлар”, “Талибан” қозғалысы, “Бозғұрд”, “Орталық Азия моджахедтер жамияты”, “Лашкар-и-Тайба”, “Әлеуметтік реформалар қоғамы”, “Шығыс Түркістанды азат ету ұйымы”, “АУМ Синрике” және “Хизб-ут-Тахрир” секілді 13 лаңкестік және 1 экстремисттік ұйымның іс-әрекетіне тыйым салды.

Бұл шетелдік ұйымдарды Шанхай ыңтымақтастық ұйымы да лаңкестік деп танып, БҰҰ Қауіпсіздік Кеңесінің, Еуропалық одақтың шешімдеріне және АҚШ Президентінің Жарлықтарына сәйкес халықаралық лаңкестік ұйымдар тізіміне енгізілген. Мәселен, Америка Президентінің жарлығына сәйкес “Әл-Каидамен” бірдей лаңкестік ұйым тізіміне енгізілген.

2004 жылы еліміздің құқық қорғау органдары халықаралық лаңкестік ұйымның құрылымдық бір буыны болып табылатын, Өзбекстан, Қазақстан, Қырғызстан мен Ресей аумақтарында әрекет етіп жүрген “Орталық Азияның моджахедтер жамиятының” лаңкестік тобын анықтап жойды. Бұл топтың басшылары, мүшелері және оған қолұшығы бiргендер ұсталды, олардың 9-ы Қазақстан азаматтары. Сонымен қатар, Оңтүстік Қазақстан облысынан жанкештілігіне даярланған 4 адам ұсталды./6/ Артынан Алматы мен Шымкентте әрекет етуге тиіс бұл топтың қылмыстық қимылдарын “Әл Каида” қаржыландыратыны және олардың бұдан бұрын Өзбекстанда лаңкестік актілер жасағаны анықталды.

Елдегі конституциялық құрылымды құлатып, ислам мемлекетін құру үшін құрылған “Өзбекстанның ислам қозғалысының” серкелері Қазақстанды Өзбекстанда экстремисттік әрекеттер ұйымдастырудың “плацдармы” және бой тасалау мен түрлі әрекеттердің “базасы” ретінде пайдаланғысы келіпті.

1998 жылы Шымкентте Египетте өткен ғасырдың 20-шы жылдары біртұтас мұсылман мемлекеті “халифат” құруды дiттеген “Мұсылман

бауырлар” ұйымы мүшелерінің іс-әрекеті анықталды.

Кезінде өзінің қанқұйлы әрекеттерімен Жапония тұрмақ бүкіл дүниежүзін түршіктерген “АУМ Синрике” ұйымы жайлы жақсы хабардармыз. Ұлттық қауіпсіздік органы Қызылордада осы сектаның жасырын ұясын тапқанда, естіген жан жағасын ұстаған көрінеді.

Сондықтан, бірінші кезекте біз діни бірлікті өте мықты ұстауымыз шарт, өйткені, діни бірлік болмайынша ұлттық бірлік те болмайды.

Елшіл, отаншыл ғалым Р.Бердібай бұл туралы ашына толғайды “Қазақ халқының келешегіне қауіп төндіретін жат әрекеттердің етек алып бара жатқанын еңмқұрайды қарауға болмайды. Ол қауіп – Қазақстанның діни экспансия мекеніне айнала бастауы. Діндер “тасқынынан” сақтанудың ең сенімді жолы Орта Азия мен Қазақстан халықтарының дәстүрлі діні – Исламды қайта жандандыру болмақ. Түрік халықтарының басын құрайтын, күшін біріктіретін, ынтымағын арттыратын, бәрінен бұрын қауымның имандылық тәрбиесіне қуатты негіз болатын Ислам дініне табан тіреу бірлігіміздің үшінші шарты дегіміз келеді”/7/.

Қазіргі уақытта, біздің елде діннің қоғамдағы рөлі мен оның алатын орнын жете түсініп, жоғары және орта мектеп оқу орындарына дінтану пәнін еңгізіп жатыр. Осыған орай, дінтанушы Мұртаза Бұлұғайдың пікірін көрсеткенін жөн көріп отырмыз. Ол: “Жаңа пән балалардың көзін ашып, санасын оятуы қажет, егер ол белгілі бір секта не діни топтардың қозғарасымен кетіп жататын болса, онда өз ұрпағымызды сол секталарға өз қолымызбен кіргізіп бергендей боламыз. Сондықтан бұл істе ең үлкен рөлді кадр мәселесі шешетінін естен шығармағанымыз абзал. Пәнді зайырлы, зиялы азаматтар, яғни жоғары оқу орындарында дінтану, мәдениеттану, философия, тарих не социология сынды бағыттарда білім алған, діни сауаты терең мамандар ғана беруі шарт” – деп бағытын дұрыс белгіледі /8/.

Осыған байланысты, біздің Қазақстан мұсылмандары діни басқармасының төрағасы, Бас муфти Әбсаттар қажы Дербісәлі «Егемен Қазақстан» газетіне берген сұхбатында: “Қаншама ғасырға созылған бодандықтан кейін тәуелсіздігімізді нығайту үшін ел халқының 70% құрайтын мұсылмандардың, секталары мен жат ағымдарды айтпағанда әлденеше діни бірлестіктерге бөлінуге жол беруге де бола ма? Жаратушы Иеміз бір, Пайғамбарымыз бір, мазһабымыз бір, Отан біреу, Жер біреу, тіл біреу. Ендеше неге бөлінеміз?

Діни бірлік, ынтымақ болса, ел тәуелсіздігі нығайып, одан әрі баянды бола түспек. Қазақстан- Отанымыз. Оның халқын дені ұстанатын Ислам кепілдігімен ынтымақ пен бірлік туы астына жинап қана осынау ізгі мақсатымызға жетеміз. Осы арқылы ғана Қазақстанды әлемнің ең дамыған мықты да қуатты елу елінің қатарына енгізуді көздеп отырған Елбасымыз Нұрсұлтан Әбішұлы Назарбаев ойының жүзеге асуына тиісінше қолдау көрсетіп, сенімді тірегі бола аламыз” - деп айтқан Дінбасымыздың сөзімен толық қосыламыз /9/.

Тәуелсіз еліміздің тұңғыш Президенті қазақстандықтар алдында әлемдегі бәсекеге қабілетті 50 елдің қатарына ену міндетін қойғаны

баршамызға мәлім. Оның өзі еліміздің экономикалық даму қарқынына сенгендіктен болып отыр. Осы қарышты даму қарқынына біздің халықтың рухани байлығы мен зияткерлік өресі де сай болуы керек.

Иә, бүгін дүр сілкініп, рухани жаңғыратын уақыт келді. Мұхаммед Пайғамбарымыз – “Отанды сүю имандылықтан басталады” деп, өсиет етсе, дана қазақ халқы – “Иманды елді жау алмас” дейді. Олай болса, ата-бабаларымыз ғасырлар бойы ұстанып келген имандылықты ту етіп көтерейік.

1. Тасболатова К. Дін мәселесі – назарда // *Ислам және өркениет*. - 2008. - №12(120). - 21-30 сәуір.

2. Сонда.

3. Тасболатова К. Дін мәселесі – назарда // *Ислам және өркениет*. 2008. - №12(120). - 21-30 сәуір.

4. Мұқашов А. Дін бірлігі – ұлт бірлігі. // *Егемен Қазақстан*. – 2008. - 2ақпан.

5. Есенбаева П. Прокуратура көп жайды анықтады // *Ислам және өркениет*. - 2008. - №12(120). - 21-30 сәуір.

6. Сонда.

7. Бердібай Р. Байқалдан Балқанға дейін. - 250-251-беттер.

8. Бұлұтай М. // «Айқын» газеті. – 2009. -159(1337). - 25.08.

9. Дербісәлі Әбсаттар қажы. Жақсылыққа себепші мен оны жасағанның да сауабы бірдей. // *Егемен Қазақстан*. – 2006. - 9 қыркүйек.

Резюме.

Статья посвящена проблеме сохранения мононационального духовного сознания казахстанского народа в период религиозной экспансии извне и его духовного возрождения через национальную самобытную культуру.

Summary

This article is devoted to the problems of the development of the religion in Kazakhstan.

Содержание

САЯСИ ҒЫЛЫМДАР ПРОБЛЕМАЛАРЫ ПРОБЛЕМЫ ПОЛИТИЧЕСКОЙ НАУКИ

Абсаттаров Г.Р. Политические приоритеты правовой политики Республики Казахстан.	3
Мұқажанова А.Ж. Жалпыұлттық мақтанш ұлтаралық қарым-қатынас мәдениетіндегі жалпыадамзаттықтың көрінісі ретінде.	13
Абсаттаров Р.Б., Ашимова З.И. Сотрудничество народов в системе культуры межэтнических отношений.	20
Нұрымбетова Г.Р. Қазақстандағы ұлтаралық қарым-қатынас мәдениетінің өзекті мәселелері.	32
Матақбаева Л.Х. О феномене доверия в легитимации политической власти.	36
Жусипов Б.С. Правовая политика Республики Казахстан.	41
Исабаев Б.О. Интернет как инструмент политической коммуникации: тенденции развития.	46
Отарбаева Б.З., Басығариева Ж.А., Сарсембаев А.З. Социальное партнерство бизнеса и власти как фактор обеспечения стабильности казахстанского общества.	53
Исабаев Б.О. Политико-правовое регулирование информационной политики: зарубежный опыт для Казахстана.	57
Саиров Е.Б. Қазақтың ұлттық мәдени бренді.	64

ӘЛЕУМЕТТАНУДЫҢ ӨЗЕКТІ МӘСЕЛЕЛЕРІ АКТУАЛЬНЫЕ ВОПРОСЫ СОЦИОЛОГИИ

Қылышбаева Б.Н. Қазақстандық қоғамдағы гендерлік әлеуметтендіру.	70
---	----

ЖАС ҒАЛЫМДАР МІНБЕСІ ТРИБУНА МОЛОДЫХ УЧЕНЫХ

Сәрсенбаева Ж.Ф. Демократия курсының оқытудың кейбір әдістемелік мәселелері.	76
Өсімбаева И.С. Қазақстандық сайлау жүйесіндегі әйелдердің орны. ...	83
Ашенова С.В. Средства массовой информации в системе социально-политического управления.	88
Әлімхан Дархан. Жаһандастыруға байланысты Қазақстандағы жаңа көзқарастар және төл мәдениетіміздің орны.	94
Көлбаев А.К. Ұлттық сана - елдің діни тұтастығында.	101